1. Белявский А. Г. Теория звука в приложении к музыке: Основы физической и музыкальной акустики. – М.; Л.: ГИЗ, 1925, - 239 с.
2. Берлиоз Г. Большой трактат о современной инструментовке и оркестровке, содержащий: точные сведения об объёме различных инструментов, краткое описание их устройств и характеристику их тембра и выразительных особенностей, сопровождаемый большим количеством партитурных примеров, взятых из произведений Величайших Мастеров и некоторых неопубликованных сочинений автора / С доп. Р.Штрауса; Пер., ред. вступ. статья и коммент. С.П.Горчакова, - М. Музыка, 1972. Т.2. Ч.1. 308 с. Ч.2. 309-532 с.
3. Гельмгольц Г. Учение о слуховых ощущениях как физиологическая основа для теории музыки. — СПб., 1875. – 594 с.
4. Зильбертквит М. Рождение фортепиано. – М. : Сов. Композитор, 1973. – 49 с.
5. Зимин П.Н. История фортепьяно и его предшественников. – М.: Музыка, 1968. – 215 с.
6. Кравцов Н.А. Усовершенствование органно-фортепианной клавиатуры аккордеона и назревшие проблемы гармонно-баянного исполнительства: дис. канд. искусствоведения: 17.00.02 / Кравцов Николай Александрович; [ЛГИТМиК]. – Л., 1982. – 223 с.
7. Кравцов Н.А. Аккордеон XXI века / Н. А. Кравцов. – СПб.: Издательство «МСТ», 2004. – 124 с.
8. Кравцов Н.А. Таблицы аппликатур гамм, аккордов и арпеджио для готово-выборного аккордеона: учеб. пособие / Н. А. Кравцов; М-во культуры РФ, С.-Петербург. гос. ун-т культуры и искусств, фак. искусств, каф. нар.инструментов; нотограф. работы С. Альгина. – СПб. : Изд-во СПбГУКИ, 2012. – 148с.
9. Липс Ф. Об искусстве баянной транскрипции: Теория и практика. – М.: Музыка, - 136с., нот
10. Мациевский И. Народная инструментальная музыка как феномен культуры. – Алматы: Дайк-Пресс. 2007. - 520 с.

11. Мирек А.М. Из истории аккордеона и баяна. – М.: Музыка, 1967.-195 с. 11.  
Савшинский С.И. Пианист и его работа. – Л.: Сов. композитор, 1961. – 271 с.  
12. Puchnowski W. Szkole miechowania I artikulacji akordeonowej. – Krakow, PWM, 1964. – 160 s.

## ӨНЕР САЛАСЫНДА ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Жумахметова З. Ж.,**

Т. Қ Жүргенов атындағы ҚазҰӨА мектеп-интернат, колледж басшысы, Алматы қ.,  
Қазақстан, E-mail Zura -1967@mail.ru

**Түйін сөз:** білім беру жүйесінің жаңаша бағыттарын жаңа идеялармен толықтыру, осыған орай кәсіби білім берудің мақсаты, мазмұны және оның білім беру үдерісінде қолданылатын технологияларын жетілдіру, кәсіби білім беру жүйесін реттеудегі ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты зерттелуінде тиімді шешімдерді іздестіруді талап ету. Бүгінгі студенттерді заман талабына сай даярлау, білім беру жүйесіндегі болашақ мамандар ретінде, бәсекеге қабілетті тұлға құзыреттілігінің қалыптастыру. Өнер саласында үздіксіз білім беру жүйесінің ерекшеліктерін жетілдіру мен тенденциялары жүзеге асыру.

**Аннотация:**внедрять новые идеи в системе образования, а также совершенствовать технологии, используемые в образовательном процессе, и искать лучшие решения в комплексном изучении организационных вопросов в регулировании профессионального образования. Современная подготовка студентов, формирование конкурентоспособной личности как будущих специалистов в системе искусства и культуры. Внедрение и совершенствование особенностей непрерывного образования в области искусства.

**Annotation:**add modern and compatible ideas in the education system to new ideas, in connection with this, the goals and content of vocational education, as well as improve the technologies used in the educational process, and look for the best solutions in a comprehensive study of organizational issues in the regulation of vocational education. Modern ways of students training, the formation of a competitive personality as future specialists in the education system. Introduction and improvement of the features of continuing education in the field of art.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.[1-12 б]

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру өзекті мәселе болып отыр. Үздіксіз білім алу мәселесі осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, саяси және әлеуметтік экономикалық өзгерістердің әсерінен туындайды. Әрбір білім беру мекемесі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі. Қазіргі жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс - тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Заманауи қоғамның ұстанатын жаңа саясаты - білім беру жүйесінің

жаңаша бағыттарын жаңа идеялармен толықтыру, осыған орай кәсіби білім берудің мақсаты, мазмұны және оның білім беру үдерісінде қолданылатын технологияларын жетілдіру, кәсіби білім беру жүйесін реттеудегі ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты зерттелуінде тиімді шешімдерді іздестіруді талап етуде. Жоғары орта білім беру жүйесінің басты міндеті - болашақ маман даярлауда ұлттық сана мен ұлттық құндылықтар маңызын түсіндіруде ғылым мен білім, өнер мен өмір тәжірибе жетістіктерін өз кәсіби шеберлігінде, яғни мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады, адами болмысында тиімді пайдалануға бағыттау болып табылады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау» талабын қалыптастыра алады.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейтін, бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты. [6]

Білім берудің негізгі тиімді жолдарының мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс тәсілдерімен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Мектеп пәндерін оқыту процесінде интерактивті тақтаны пайдалану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың білімге деген қызығушылығының, ізденушілікке деген ынтасының, сезімінің өсуіне әсер етеді. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, ізденушілігіне байланысты [1- 8- бабында].

Тәуелсіз Қазақстанның ел басқарушысы Нұрсұлтан Әбішұлының кезекті Жолдауында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, дамыту және жетілдіру мәселелері сөз

болғаны баршамызға мәлім. Сондай-ақ, Елбасы: **«Біз жалпы білім беру сапасын жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз»**. Көп жайларды зерттеп, көңілге түйіп, мәселелер төңірегінде іздену әр ұстаздың міндетіне айналды. Сондықтан ұстаздардың тәжірибесінде оқушылардың танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру, қимыл және т.б.) дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болуы қажет. Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісіне мультимедиялық технологиялар мен коммуникативтік интерактивті әдістемелердің үйлесімді байланысы негізінде жасалған, оқыту және тексеру электрондық бағдарламаларды, оқулықтарды енгізу. Интерактивті тақтаның келуіне байланысты оқытудың жаңаша әдісі пайда болды. Мұғалімдер өз сабақтарында мейлінше интерактивті тақтаны пайдалана отырып, жан-жақты ізденіп, сабақтарын қызықты, әрі тартымды, нәтижелі өткізуге тырысуда. Интерактивті тақтаның мүмкіншілігі шексіз.

«XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуға, ол өз мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады және солай болуға тиіс. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады», - деп, Елбасымыз өзінің жолдауында үздіксіз білім алуға ерекше мән беруі, оның даму үрдісін үнемі қадағалап отыруы, оның нақты дәлелі. Ғалымдардың «үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы» деген қағидасы қазіргі кезде өз жалғасын табуға. Үздіксіз білім беру бұл үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес немесе бекітілген оқу мерзімімен және оқу орнының қабырғасымен шектелмейді, ол – адамға білімнің белгілі бір көлемін беруге, бағытталған білім түріне ауысу болып табылады. Тек жеке тұлғаға, субъектіге бағытталған білім ғана адамның жылдам өзгеріп жатқан қоғамдық және экономикалық өмір талаптарына сай жауап бере алуын қамтамасыз ете алады. [6]

Бүгінгі таңда заман талабына сай ұлттық білім беру жүйелерінде көптеген өзгерістер болып жатыр, оқу тәсілдерімен құралдарының бүкіл әлемдегі білім жүйесіне ортақ жалпы элементтері қарастырылуда. Осыған орай үздіксіз білім беруде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқытудың маңызы зор. Бұрынғы дәстүрлі білім жүйесінде білім мазмұны, көбіне оқушының сұранысына және үздіксіз білім беру жүйесінде білім мазмұны қоғамның даму мәселелерін алдын ала бейнелеуге және жеке адамның жан-жақты дамуына бағытталған.

Бұл оқу жүйесі оқытушы рөлінің өзгеруіне себепші болып отыр. Дәстүрлі білім жүйесінде оқытушының міндеті білім алушыға ақпаратты түсінікті түрде жеткізіп, ақпараттық-репродуктивті оқыту тәсілін пайдалану болса, ал үздіксіз білім беруде барлық топ үшін ендігі оқытушы жұмысы - білім алушылармен бірігіп әрекет ету тәсілімен оқыту үрдісін ұйымдастыру, кеңес беру, білім алу ісін тікелей басқаруға көмектесу болып табылады. Ал, білім алушы өзінің өмірлік жоспарларымен мақсаттарын іске асыру үшін қандай ақпарат қажет екенін және сол ақпаратты қайдан, қалай алу керектігін өзі шешеді де, оқытушы оған тек көмек көрсетіп, бағыт - бағдар беріп отырады. Колледж қабырғасындағы білім алушылардың алған білімдері жоғарғы оқу орындарындағы кәсіптік дайындық – маманның өз жұмысына деген шеберлігін қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізеді. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің өзіндік ізденістері үздіксіз білімнің бір бөлігі. Кәсіптік білім – әрбір жанның қызмет саласында өз шеберлігін жетілдіруі, білімін шыңдап отыруы, сондықтан ол өмір бойы үздіксіз жүргізілуі тиіс.

Егер білім жүйесін жетілдіру барысында, адамзаттың мәдени байлықтарына әрбір жеке тұлға өзінің субъективті қажеттілігі ретінде қарайтын болса, сонда ғана білімнің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі. Ендеше үздіксіз білім жеке адамның қабілетіне, бұрынғы алған мамандығына, білім деңгейіне қарамай-ақ жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты толық дамуына ұмтылуы деп бағаласак, онда жеке тұлға үшін білім алу процесі тоқталуы мүмкін емес. Үздіксіз білім дегеніміз - адамның білім алуға, оның барлық жақтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған, оның ішінде әртүрлі әлеуметтік және кәсіби міндеттерді орындауға дайындалу, сонымен қатар қоғамның дамуына қатысу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет.

Үздіксіз білім алу нәтижесінде білім алушы бірқатар мүмкіндіктерге ие бола алады:

- өз бетімен білім алу мүмкіндігі;
- сапалы білімге қол жеткізуі;
- білім алушының танымдық ой-өрісінің дамуы;
- қызмет саласында әрбір жанның өз шеберлігін жетілдіруі,
- өз мамандықтарын қайта өзгерте алатындай жағдай жасауы;

Үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі құралы - виртуалды білім кеңістігін құруға мүмкіндік беріп отырған Интернет жүйесі. Интернет – ең арзан оқыту құралы болып табылады. Мектептерде, колледж және жоғарғы оқу орындарында оқушылар, студенттер телекоммуникациялық жүйені қолдана отырып, электронды пошта арқылы түрлі конференцияларға қатыса алады. Тыңдаушылар мен білім алушылар үздіксіз білім алуда білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында өз бетінше Интернет желісінің көмегімен ала алады. Сонымен бірге сапалы білім алу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Үздіксіз көп деңгейлі білім беруді мектеп-колледж-бакалавр жүйесінде жүзеге асырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында, қоғамның әрбір мүшесінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда, үздіксіз білім беру жүйесінің маңызы зор. Үздіксіз білім алу нәтижесінде әр салада әмбебап қызмет ете алатын, білікті, білімді, рухани бай, өз мүмкіндігін жан-жақты көрсете алатын тұлға қалыптасады. Бүгінгі студенттерді заман талабына сай даярлау, білім беру жүйесіндегі болашақ мамандар ретінде, бәсекеге қабілетті тұлға құзыреттілігінің қалыптастыру – өзекті мәселелерінің бірі.[5]

Мұғалімнің ғылыми - әдістемелік даярлығы мен өнертанымдық білімін жетілдіруі аса маңызды. Осы орайда, жаңартылған білім беру бағдарламалары негізінде осы күнге дейін болашақ бейнелеу өнері маманның кәсіби шеберлігінің сұранысы мен қажеттілігі бүгінгі қоғам дамуында аса маңызды. Міне осындай жаңаша бағыттар мен өзгерістер маман дайындаудың талаптарын күшейтуде, сол себепті де бейнелеу өнері пәндері мұғалімінің өнертанымдық білімінің маңызын арттыра түседі. Өнер - шындықты көркемдетіп бейне арқылы көрсететін әлемді эстетикалық игерудің маңызды тәсілінің бірі болып саналатын қоғамдық санының арнайы формасы мен адамның шығармашылық әрекеті. Елбасының «Қазақстанда өнерді, мәдениетті, ғылымды дамытуға барынша қолдау жасалынып отыр» - деген сөзі ұлттық мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдай туып, кеңінен жол ашылып, отырғандығының бірден - бір айғағы. Әрине ел басымыз өнерімізге қолдау көрсетіп жатқан, бүгінгі күн тәртібіне сай талаптарды толық шешуге сурет салудың негізгі заңдылықтарын, ұлттық дәстүрлі өнерді, бейнелеу өнерінің әдістерін терең деңгейде меңгеруіміз қажет. Осы негізде, болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігі дегенімізді бейнелеу өнері пәндерінде кәсіби білімі мен кәсіби іс-қимылдары (шебер суретші, шебер қолөнерші) дағдылары мен қабілеттерін жетік меңгерген тұлға деп, тұжырымдап, болашақ бейнелеу өнері маманының кәсіби шеберлігін қалыптастыруға білім беру жүйесінің ерекшеліктерін жетілдіруге, болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігі - кәсіби қызмет дағдыларын меңгеруде өз білімі мен шеберлігін жоғары деңгейде қолдана білу қабілеттілігі, өз ісінің авторлық қолтаңбасын қалыптастырушы жеке тұлға ретінде қарастыруға болады. Көркемсурет пәндерінің кіріктірілуі, көркемөнер пәні мұғалімі деп айтылуы жалпы орта мектептерде қазақ өнерінің қай түрі, қай саласы болмасын бірдей, жалпылама өнерден білімді талап етеді. Осы күнге дейінгі бейнелеу өнері пәні мұғаліміне арнайы пән, арнайы біліктілік беріліп келе жатқан мамандардың келешегіне қайта кәсіби даярлығына қажетті білімдер мен біліктерді меңгеруді міндеттейді. Орта буын аға мұғалімдер үшін жаңаша талаптарды меңгеру, оны әрі қарай жүзеге асыру үдерісі көптеген дайындықты қажет етеді. Бейнелеу өнері мамандары, педагогикалық тұрғыда өздерінің кәсіби шеберліктері мен әдістемелік даярлықтарын қайта қарау мүмкіндіктеріне ие болуда. Себебі, тек қана бейнелеу өнерінде сурет салуды ғана практикалық тұрғыда үйретпей, оны ғылыми-



әдістемелік қамтамасыз етудің жолдары арқылы жаңаша шешімдерін іздестіретіні айғақ. Сурет салуды студентке үйретудің әдістемесіне де, жаңаша бетбұрыстар келуде. Сурет салғанға дейін студентті өзіндік іздену әрекетіне, оқу-әдістемелік материалдарымен таныстырып, тапсырмалар беріліп, тек қана мектеп-интернат, колледжде ғана емес, сыртта, мұражайда, галлерейлар да іске асыруға болады.[2]

Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие мен білім берудің негізгі бағыт-бағдар еліміздің Тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан–2030» халыққа Жолдауында «Толық өркениетті ел болу үшін өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» деп айқын жазылған.

Жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани-мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау. Ұлттық қолөнер арқылы болашақ маманның кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби-шығармашылық қабілеттерін жетілдіру білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне катысу үрдісінде болашақ мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр.[3-бб.3-16.]

Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ тәрбиелеу ұстаздың міндеті. Қазіргі уақытта білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Яғни білім беру саласын ақпараттандырылды. Білім беру жүйесінде күнделікті әрекетімізге қазіргі ақпараттық технологияны енгізілді. Оны жүзеге асыру үшін жоғары орта оқу орнында қашықтықтан оқыту жүйесін ұйымдастыру қажет. Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асырдық. Осыған орай колледж дуалды оқыту арқылы Н. Сац атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрымен жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасты. Әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Оқытушы студентке арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауды дұрыс жүргізу және жүзеге асыру мәселесі туындайды. [4]

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Мәңгілік Ел» атты Жолдауында «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деген болатын. Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге

қабілетті білім беру болып табылады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.[7]

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің даму тенденцияларын (бағыттарыны) айқындауға, қазіргі заманғы білім берудің негізгі тенденциялары (А.А.Вербицкий бойынша):

- білім берудің әрбір кезеңін үздіксіз халықтық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұғыну (мектеп пен жоғары оқу орны; ЖОО мен студенттердің болашақ өндірістік қызметі);

- білім беру философиясын жаңартуға;

- «оқытуды индустрияландыру», яғни қазіргі заманғы қоғамның интеллектуалдық әрекетін іс жүзінде күшейтуге мүмкіндік беретін оқытуды компьютерлендіру және оны технологияландыру.

- оқытудың жаңа технологиясын енгізу мен білім беру ісін ақпараттандыруға;

- мемлекеттік білім беру стандарттарын жетілдіруге;

- ғылыми ізденістер, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қорын кеңінен қолданулары қамтылған оқытудың белсенді әдістері мен формаларына көшу.

- білімнің ғылыммен байланыста болуына;

- оқушы мен оқытушының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға қатысты және оқытуды ұжымды, оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде ұйымдастыру қажеттілігін атап өтеді, бұл жерде басты назар «оқытушының оқыту әрекетінен оқушының танымдық әрекетіне ауысады».

- оқу орындарын бітірушілерге жоғары талап қоюға;

Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. [5]

Қорыта айтқанда, қазіргі еліміздің жоғары білім беру саласына қойылып отырған басым бағыттардың бірі – педагогикалық білім беруді жаңғырту және кәсіби біліктілікті жетілдіру болып табылады. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мотивациялық ұстанымды жүзеге асыру үшін мамандар көп деңгейлі үздіксіз даярлау процесінде ерекше маңызды рөл атқарады. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» // Алматы 2010. 12 б
2. 2012 жылдың 14 желтоқсан *Елбасының Жолдауы «Қазақстан-2050» саяси бағыты*: «Нақты қадам: Қазақстандағы білім және ғылым саласын одан әрі дамыту бойынша міндеттер»
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан мектебі, 2004, N2, -бб.3-16.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 971 Қаулысы
5. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 22 қыркүйек 1997ж. 3645 Өкім.
6. «Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогінің үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында»
7. Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына Жолдауы 2014 жылғы 17 қаңтар. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы.

## КОНЦЕПЦИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ФОРМАТОВ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Д. А. Шумилин

Кандидат искусствоведения, заместитель директора по научной работе,  
Российский институт истории искусств, г. Санкт-Петербург, Российская Федерация

Впервые опубликовано в: Музыкальная наука в XXI веке: пути и поиски. Материалы Международной научной конференции 14-17 октября 2014 года / РАМ им. Гнесиных. – М.: «Пробел-2000». 2015. С. 35-42.

**Түйін сөз:** Автордың бұл мақаласы музыкалық білім беру саласында жас мамандарды даярлаудың өзекті мәселелеріне арналған. Әр түрлі авторлық көзқарастар мен оларды қолдану әдістері қарастырылады, сондай-ақ коммуникацияның өзара іс-қимылының барлық кезеңдері нақты байқалады.

**Аннотация:** Данная статья автора посвящена актуальным вопросам подготовки молодых специалистов в области музыкального образования. Рассматриваются разнообразные авторские взгляды и методы их применения, так же четко прослежено все этапы взаимодействия коммуникации.

**Abstract:** this article is devoted to topical issues of training young professionals in the field of music education. Various author's views and methods of their application are considered, all stages of communication interaction are also clearly traced.

**Кілт сөздер:** Музыкалық білім беру, коммуникация түрлері, оқытудың дәстүрлі музыкалық түрлері.

**Ключевые слова:** Музыкальное образование, виды коммуникации, традиционные музыкальные формы обучения.

**Key words:** Music education, types of communication, traditional musical forms of education.

Сегодня становится все более очевидным, что к традиционным формам представления ученым результатов своего исследования необходимо добавлять что-то новое. Вербальный текст, подкреплённый иллюстрациями – этот, всем привычный и кажущийся непреложным формат в последнее десятилетие существенно потеснили концентрированные электронные формы со сложной архитектурой. Объективных причин тому много, и лежат они на разных уровнях – от банального удобства производства и потребления, до потребности исследователя выразить сложные, многогранные концепции, сами по себе становящиеся артефактами. Длительное, последовательное - «линейное» развитие, которое подразумевает вербальный текст, плохо сочетается с ритмом интеллектуальной активности современного человека.

Бесспорно, из научной практики привычный формат книги исчезнет не ранее, чем прекратит существование промышленная полиграфия как отрасль производства. Но, тем не менее, чтобы быть услышанным и понятым, современному ученому весьма полезно было бы обратить внимание на возможности, открывающиеся при использовании новых высокотехнологичных форм репрезентации научного исследования.

Говоря о процессе развития электронных форм представления искусствоведческого научно-исследовательского текста, следует выделить два его аспекта. Назовем их условно «качественный» и «количественный».

Под «количественным» аспектом в данном случае мы предлагаем понимать насыщение вербального текста разного рода иллюстративным материалом в графических, аудио и видео форматах. В таких формах аудио, видео и графический контент связывается с нужным фрагментом словесного текста, сохраняющего главенствующую роль и

традиционный тип последовательного развития. Доказывать перспективность данного направления развития излишне. Фрагмент записи музыкального произведения, оперной постановки, midi-иллюстрация гармонической вертикали, мелодической последовательности и т.п. – все это может существенно обогатить как исторический, так и теоретический музыковедческий текст. Используя систему гиперссылок и дополнительных окон можно представить в более компактном виде и сам вербальный текст. Дополнения, комментарии, ссылки, развернутые цитаты будут удобно восприниматься если их поместить в отдельные окна-блоки, открывающиеся в новом окне или всплывающие в текущем при наведении курсора на соответствующий раздел основного текста. Все это позволит усовершенствовать традиционную структуру исследовательской работы и представить пользователю исчерпывающую информацию по изучаемому предмету.

Следует отметить, что описанное направление уже сегодня неплохо освоено. Все мы знаем, что на европейских научных конференциях «thespeech» уступает основное место «thepresentation». Крупные зарубежные энциклопедические электронные издания используют системы гиперссылок, древовидных и более сложных пространственно-ориентационных графических конструкций для навигации по бескрайнему океану представленных в них знаний.

Но при ближайшем рассмотрении можно заметить, что «количественное» насыщение традиционного текста на каком-то этапе развития неизбежно приводит его к порогу «качественной» структурной трансформации. Для ясного ощущения этой границы представим себе введение в текст «живой цитаты» - высказывания композитора или видного исследователя, выраженное в аудио или видео формате. Разница в воздействии живого и «печатного» слова (в данном случае неважно, видит его читатель на бумаге, или же на мониторе электронного устройства) может сместить акценты, и вся композиция насыщенной разноформатными иллюстрациями формы может оказаться нарушенной. Нельзя и полностью переключиться на аудиовизуальный формат, оставив вербальный текст в стороне (формат видеолекции), это существенно усложнит читателю возможность ориентации в тексте, его рефлексирования и формирования собственных производных идей, что является ценнейшим следствием прочтения любого текста.

Другого характера трансформация, превращающая богато иллюстрированный вербальный текст в нечто новое, возникает в результате насыщения его множеством дополнительных информационных блоков (комментарии, дополнения, отступления, ссылки, цитаты, косвенно относящиеся к основному рассматриваемому предмету размышления и т.п.). В этом случае престаёт быть определяющим один из основополагающих, традиционных принципов изложения результатов научного исследования – последовательность. Линейная, развертывающаяся во времени и имеющая свою драматургию форма становится лишь составным элементом, частью более крупной конструкции. В этой конструкции, состоящей из взаимосвязанных информационных блоков, лежащих на разных уровнях смыслового отдаления от основного «ядра» (центральной темы исследования, проблемы, явления и т.п.) и образующих многоуровневую структуру, возникает «третье измерение». Конечная форма такого информационного кластера в каждом конкретном случае будет иметь оригинальную структуру, зависящую от предмета и характера исследования. Построение подобной конструкции – формы всей структуры, призванной изложить и донести до реципиента результаты научного исследования, – в этих условиях выходит за рамки технических задач и становится творческим процессом.

В теоретические и культурологические проблемы взаимопревращений и взаимопроникновений текстовых коммуникационных форм, возникающие в этой связи, мы углубляться не будем и перейдем непосредственно к рассмотрению возможных типов архитектуры комплексных многоуровневых электронных форм, актуальных для

музыковедческого текста, а также описанию особенностей организации процесса их создания в современных условиях.


Комплексная многоуровневая форма электронной энциклопедии (не только музыкальной) характеризуется чрезвычайно разветвленной структурой и возможностью представления ее содержания в различных системах ориентирования – географических, пространственно-временных и др. В ее древовидной структуре не обязателен центр, но каждая энциклопедическая статья, как правило, содержит упоминания понятий, имен и источников, возможность мгновенного перехода к которым нужно предусмотреть. При этом переход может осуществляться как по внутренним (к статье данной энциклопедии), так и по внешним каналам (к иному ресурсу). Возможность расположения списка энциклопедических статей не только по фамилии, но и по другим принципам (по дате рождения, дате смерти, роду деятельности, национальности, месту пребывания, количеству концертных выступлений/сочиненных произведений, количеству исполнений произведений того или иного композитора и так далее, вплоть до уровня доходов того или иного деятеля искусства) также будет удобен читателю. Чем больше параметров для систематизации будет заложено редактором энциклопедии при ее создании, тем больше возможностей открывается для построения схем и графиков как статистического, так и аналитического характеров. Так, сравнительный трехмерный график, отражающий, к примеру, интенсивность исполнительской активности в том или ином географическом культурном центре, может строиться на трех осях: персоналия, временной период, исполнительская активность. Такой график позволит пользователю одним актом внимания объять историческую ретроспективу соответствующего культурного феномена, уяснить актуальные для него соотношения и сделать выводы. Теперь представим, что в условиях построения графика мы задали параметр «исполнение произведений Бетховена (Моцарта, Гуммеля, Герца, Пиксиса и т.д.)». Или же поменяли значение для оси «персоналия» с «исполнителя» на «композитор»... Использование довольно большого количества возможных комбинаций даст пользователю легче воспринять и усвоить сухие статистические данные, составить ясное представление о соответствующем феномене и сформулировать выводы. Итоговая комплексная форма будет включать в себя комбинацию пространственно-временных возможностей ориентации, готовые и отдельно формирующиеся по запросу пользователя графики, информационные блоки, диаграммы, а также «интеллектуальный» полнотекстовый поиск. Исполненная в такой форме энциклопедия даст ответ читателю на значительно большее количество вопросов, чем ее полиграфическая предшественница.

Те же принципы актуальны и для комплексной электронной формы исследований историографического характера. Принципиальным отличием здесь будет наличие центральной идеи или единой тематической линии, что обусловит сохранение в большей степени принципов последовательного развития вербального текста.

Для теоретических работ принцип многоуровневого информационного комплекса не менее актуален. Хотя содержание и характер связи блоков здесь диктуются не только и не столько общими категориями (время, пространство), сколько частными, проистекающими из содержания самого исследуемого предмета особенностями. Возьмем, к примеру, такую проблему, как гармоническое мышление позднего Скрябина. Приведенная ниже схема на наш взгляд, может быть положена в основу первого (базового) уровня соответствующего исследования:



Каждый блок в данной схеме имеет свои разветвления. Рассмотрим несколько вариантов:





Представленное в подобной форме исследование, на наш взгляд, найдет путь к читателям легче и быстрее.

Еще более перспективным представляется использование комплексных многоуровневых форм в сфере педагогики и культурного просветительства.

Обозначим очевидные преимущества комплексных электронных форм:

- возможность комбинированного использования различных текстовых форматов;
- существенное сокращение временного периода, отделяющего момент завершения исследования от момента его представления читателю;
- мгновенное распространение электронной формы исследования;
- низкая себестоимость электронной формы;

Недостатки электронных форм:

- потребность в техническом консультанте и/или сложности освоения основ IT-инжиниринга;
- недостаточная безопасность для зрения мониторов электронных устройств;

- сложности, связанные с соблюдением пользователями авторского права.

Первое, что следует из сопоставления «плюсов» и «минусов» комплексных форм – данный формат на сегодняшний день наиболее актуален для масштабных коллективных проектов. Крупные проекты энциклопедического или антологического характера прекрасно укладываются в рамки комплексных электронных форм, так как чем больше информации содержит исследование, тем более читатель нуждается в удобных инструментах ее систематизации, иллюстрирования и комбинирования. Кроме того, в смете затрат на осуществления масштабных научно-исследовательских проектов легче будет уместиться пункту «разработка электронной формы представления контента».

Отдельно следует выделить проблему, связанную с финансовыми затратами на создание контента в графических, аудио и видео форматах. Если редактор масштабного проекта поставил себе целью наполнить его оригинальным, специально созданным для того или иного проекта иллюстративным контентом, он должен учесть, что стоимость его производства может существенно превысить стоимость создания собственно научного исследования. Частично решить данную проблему можно в тех случаях, когда нужные авторам и редактору комплексной формы иллюстративные материалы (к примеру – аудиозапись того или иного музыкального произведения) уже существуют. Подготовка и заключение соответствующего соглашения об использовании того или иного вида объекта авторского права, как правило, обходится дешевле процесса исполнения и аудиозаписи. А в небольших коллективных и индивидуальных исследованиях, скорее всего, придется прибегать к использованию общедоступных ресурсов, таких как Яндекс-музыка ([music.yandex.ru](http://music.yandex.ru)), International Music Score Library Project ([imslp.org](http://imslp.org)) и т.п.

Поскольку в производственном процессе разработки и внедрения комплексных многоуровневых электронных форм репрезентации результатов научного исследования большую роль играет высокотехнологичный компонент, представляется целесообразным использовать опыт крупнейших IT-корпораций и следовать долговременному поступенному графику развития. Все вышеперечисленные возможности комплексных электронных форм следует осваивать и вводить постепенно, с представлением промежуточных результатов в виде законченных продуктов, которые будут один за другим все более усложняться.

Развивая техническую составляющую, возможно будет прийти к таким формам, в которых пользователю станут доступны регулировки:

- 1) степени погружения в предмет;
- 2) вариантов изложения материала с учетом параметров восприятия пользователей различной степени подготовки (основные группы: ученый-специалист, «просвещенный любитель», молодежная аудитория);
- 3) предпочтения форматов (традиционный, последовательно развивающийся текст; справочно-энциклопедический текст с использованием возможностей многоуровневого структурирования входящих в него информационных блоков; аудио-контент; видео-контент; интерактивные формы – комбинации вышеперечисленных форматов с такими возможностями как подвижная временная шкала, пространственная географическая карта, возможность получения вариантов ответа на сформулированный вопрос, графического отражения данных статистического характера).

Такого характера продукт кроме вышеперечисленных достоинств будет обладать еще одним важнейшим свойством – универсальностью.

Российский институт истории искусств имеет относительно небольшой опыт создания электронных научно-исследовательских продуктов. Однако за два года нам удалось дойти от простейшей формы электронной энциклопедии («Российский институт истории искусств. 1912-2012. Материалы к энциклопедии») до комплексных многоформатных композиций: «Гимн А. Ф. Львова “Боже, Царя храни!” в культурной и политической жизни Императорской России» ([hymn.artcenter.ru](http://hymn.artcenter.ru), ресурс открыт в 2014 г.) и «Полковые марши Российской Империи» ([march.artcenter.ru](http://march.artcenter.ru), ресурс открыт в 2016 г.)



бесплатно и круглосуточно доступных для любого человека планеты, пользующегося сетью Интернет.

«Материалы к энциклопедии РИИИ» выполнены в оригинальной оболочке со стандартным набором функций. Более сложный второй опыт института – «Электронная библиотека», созданная и размещенная в открытом доступе (bibl.artcenter.ru) в 2013 г. (работа осуществлена в рамках государственного контракта, заказчиком выступило Министерство культуры Российской Федерации). При создании «Библиотеки» реализован ряд условий, выводящий данный продукт на уровень комплексной многоуровневой формы. «Гимн» включает в себя все основные виды и форматы передачи информации и при этом является единой композицией, посвященной конкретной научно-исторической проблеме.

В заключение этого небольшого обзора рискнем высказать предположение: хорошо это или плохо, эволюция текста в современном мире будет развиваться в подобном, или еще более сложных направлениях. И нам остается только выбирать – включаться в этот процесс, или нет. Длительное время комплексные многоуровневые формы и полиграфическая продукция будут существовать и развиваться параллельно. Но несложно предугадать, какая из названных форм займет в коммуникативной среде будущего основное место.

## САХНА ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ – ДӘРІС БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Тұранқұлова Д.,**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры,  
Алматы қ. Қазақстан

**Рамазан А.,**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының  
2 курс «Сөз сөйлеу жанрының артисі» магистранты,  
Алматы қ. Қазақстан, [Sakhnatili@mail.ru](mailto:Sakhnatili@mail.ru)

**Түйіндеме:** Театр – әдеби сөз сөйлеу үлгісінің асыл қазынасы.

**Аннотация.** Театр – это хранитель правильного чистого литературного произношения.

**Abstract:** Theatre is the guardian of the correct pure literary pronunciation.

Кілт сөздер: тіл мәдениеті, дикция, дауыс

**Ключевые слова:** культура речи, дикция, голос

**Key words:** speech, culture diction, voice.

Бұл күнде қазақ тілі білім мен ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің, әлеуметтік-саяси өмір мен өндірістік-шаруашылық ететін жоғары сатыда дамыған әдеби тілге айналып отыр. Ол – мемлекеттік дәреже (статус) алған ұлттық тіл. Ұлттық әдеби тіл болғандықтан, қазіргі қазақ тілі – қоғамның барлық мүшелеріне бірдей және Қазақстан жерінің бүкіл аймағында біркелкі қолданылатын, сондай-ақ қазақ жерінен тыс өлкелерді мекендеген қазақтар үшін де дағдылы тіл, яғни, баршаға ортақ жазу, сөйлеу тәжірибесі бар тіл.

Мемлекеттік тіл дәрежесі қазақ әдеби тілінің бүгінгі қоғамға қызмет ету өрісін кеңейте түсті: бұл күнде қазақ тілі ең алдымен оқу – ағарту, тәрбие құралы, одан соң сан салада дамып, жоғары деңгейде көтерілген ұлттық көркем әдебиеттің тілі, мазмұны мен мақсаты түрлене түскен баспасөздің тілі, енді қолға алына бастаған ғылым тілі, көптен

ашыла бастаған театрлар мен сөйлеу сағаты көбейе түскен радионың тілі, кино мен теледидардың тілі.

Сонымен қатар, әрине, қазіргі қазақ тілі – бүгінгі адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзара ұғынысатын ауызша сөйлеу тілі мен ауызекі сөйлеу тілі. Қысқасы, қазақ тілі – бұл күнде республикамыздағы 8 миллионға жуық, ал жалпы дүние жүзіндегі 10 миллионнан асатын қазақ халқының ана тілі.

Әдетте ұлттық әдеби тілден қоғамға жазба және ауызша түрде қызмет етеді. Жазба әдеби тіл жазба әдебиеттің өмір сүруі мен дамуына, оның түрлері мен өрісіне байланысты болғандықтан, ол көркем сөз (көркем әдебиет) бен баспасөзде, ғылым сөзі мен оқу-тәрбие сөзінде, ресми құжаттары мен кеңсе-іс қағаздары тілінде көрініс табады. Қазіргі күнде бұлардың кеңінен өріс ала бастауы жазба тілдің әр саладағы (стильдегі) заңдылықтарды орнықтырып, оның әлеуметтік қызмет ету пәрменін күшейтіп отыр. Бұдан біз жазба әдеби тілдің қоғам өміріндегі ролі мен маңызы зор екенін аңғарамыз.

Ал әдеби тілдің ауызша түрдегі қызметі бүгінгі қазақ қоғамының тіршілік-тынысы үшін бұдан еш кем емес деп тану керек. Өйткені мұның да қолданылар өрісі кеңейе бастады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болуы: әр алуан жиын, жиналыс мәслихаттардың қазақ тілінде жүргізуіне жол ашты; саясат, ғылым, өнер, шаруашылық т.б. тақырыптарына арналған лекция-әңгімелердің қазақ тілінде кеңірек өткізілуін күн тәртібіне қойды; балабақшаларда қазақ бүлдіршіндерін ана тілінде тәрбиелеуді мықтап қолға алуға мүмкіндік берді; қазақ мектептерінің көбейіп, оларда оқу-тәрбие жұмыстарын ана тілінде жүргізуге, жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде дерлік әзір тіпті түгел болмай, көпшілігінде-ақ болсын қазақ бөлімдері ашылып, оларды білім-ғылымның көптеген салаларынан қазақ тілінде лекциялар оқылып, сабақ жүргізілуіне кеңінен жол ашты; радио мен теледидарлардан қазақ тілінде берілетін хабарлар сағаты көбейіп, бұл каналдар бойынша қазақша сөйлейтіндердің жиірек көріне бастауын, ұлттық сахна өнерінің түр-түрінің дамуын қамтамасыз етті. Осылардың баршасы қазақ тілінің ауызша түрін, яғни, ауызша қолданылуын, айтылмақ ойды ауызша түрде білдіру тәжірибесін жандандырды.

Бұлардың ішінде радио, теледидар, театр, киноның орындары айрықша, өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған, кейде жүз мыңдаған адамдарды қамтиды. Айтылатын сөзді жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөзді де жүздеген, кейде мыңдаған адам тыңдайды. Ал радио мен теледидардан және қазақша дыбысталған кинодан ауызша айтылған сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар естіп, тамашалайды. Демек, жазба тіл сияқты, ауызша тілдің де қоғамдық орны зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мемлекеттік ұлттық тілдің баршаға ортақтығы осы тілді қолдануда белгілі бір заңдылықтардың, яғни, нормалардың болуын талап етеді. Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында лексикасында, грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік – көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алу қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба тілімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың күшейе түсуі заңды.

Демек, қазақ әдеби тілінің барша заңдылықтарын, оның ішінде ауызша сөйлеу, әсіресе шаршы топтың алдында сөз айту нормаларын бұзбай, дұрыс пайдалануда, тек пайдалану ғана емес, ол нормаларды көпшілікке үйретіп, таратуда, орнықтырып, бекітуде балабақша тәрбиешілерінен бастап мектеп мұғалімдерінің, институт, университет, академия оқытушыларымен қатар, қазақ сахна қайраткерлерінің, радио, теледидар дикторлары мен хабар жүргізушілерінің, әншілер мен эстрада шеберлерінің міндеттері мен қызметтері орасан зор екенін айту керек. Әрине, ана тілін игеру, оны дұрыс жұмсай білу отбасынан, баланың ата-анасы мен айналасындағы үлкендерден басталуы керек екендігі даусыз ақиқат.

Тәрбиешілер мен мұғалімдер жас өспірімдерді тек тәрбиелеп, білім берушілер ғана емес, сонымен қатар тіл үйретушілер, тілдің байлығы мен әсемдігін бала бойына

сiңiрушiлер. Ал актерлар мен эшшiлер халыққа тек өнер көрсетiп, эстетикалық ләззат берушiлер ғана емес, сонымен қатар ана тiлiнiң құдiретiн танытушылар.

Дикторлар мен коментаторлар журналистер радио мен теледидардан тек әр алуан хабар берушiлер ғана емес, сонымен қатар сөздi дұрыс айта бiлудi, дұрыс дыбыстай бiлудi үйрететiн ұстаздар болуы тиiс. Демек, бұл топтардың әрқайсысының төл қызметтерiмен қатар, тiлге қатысты мiндеттерiнiң де әлеуметтiк мәнi бар екенiн жеке - жеке баса айту қажет.

Көркем өнердiң көп салаларының iшiндегi ең қадiрлiсi, ең қасиеттiсi-сөз өнерi, оның өнердiң өзге түрлерiмен бiрлiгi бола тұра өзгешелiгi де бар.

чтобы они уяснили для себя, что никакого «технизма» или же искусственно наигранных «арок» со слушателями – зрителями не должно быть, а только внутренняя подоплека артистических действий в самых совершенных формах.

Рассуждая с будущими специалистами вокально-эстрадной музыки о процессах общения с публикой в условиях сценического выступления, преподаватели поясняют им, исходя из своего опыта, что подлинное творческое взаимодействие в ходе исполнения начинается в тот момент, когда что-то единое становится объектом совместных интересов и устремлений. Этим единым могут быть: новизна музыкальных впечатлений, композиторский замысел, величие художественного образа и, несомненно, увлекательность исполнительства. Увиденное, услышанное, пережитое, прочувствованное, так или иначе воспринятое, осмысленное и есть результат художественного общения.

Таким образом, с первых шагов обучения будущих исполнителей – вокалистов эстрады одновременно с индивидуальным освоением программы по специальности на занятиях музыкально-теоретических и других дисциплин необходимо развивать их личностно-профессиональное становление в атмосфере творческой увлеченности и интереса, уясняя для себя, что важно «вжиться» в свой неповторимый сценический образ, наполненный богатым воображением, интуицией, субъективным раскрепощением собственного «Я». А непрерывное образование служит во всех этих процессах двигателем профессионального роста вокалиста эстрады.

#### **Список использованных источников:**

1. Холопова В.Н. Феномен Владимира Спивакова // Культурология. – М.: Институт научной информации по общественным наукам РАН, 2004. №4 (31). – С. 59 – 66.
2. Станиславский К.С. Собрание сочинений в 9т. – М.: Искусство, 1990 –Т.3. – 201 с.
3. Руднева А.И. Работа с вокальными ансамблями и творческими коллективами: Примерная программа для спец. «Музыкальное искусство эстрады». – М., 2006. – С. 3-15.
4. Изюрова О.С. Вокальный эстрадный ансамбль как форма развития толерантного отношения подростков-воспитанников к сверстникам: дис... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2009. – 194 с.
5. Григорьев В.Ю. Исполнитель и эстрада. – М.: Классика XXI, 2006. – 156 с.
6. Нейгауз Г.Г. Об искусстве фортепианной игры: записки педагога. – 5-е изд. – М.: Музыка, 1988. – 318 с.
7. Яворский В.Л. Воспоминания, статьи и письма: в 2-х т. – М.: Музыка, 1964. – Т.1. – 670 с.
8. Фейгин М.Э. Индивидуальность ученика и искусства педагога. – М.: Музыка, 1975. – 110 с.
9. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей // Психические состояния: [хрестоматия] / сост. Л.В. Куликов. – Санкт-Петербург: Питер, 2000. – (Хрестоматия по психологии) – 336 с.
10. Сахнова И.В. Вокальная подготовка специалистов музыкальной эстрады: исторический и теоретический аспекты // Вестник МГУКИ – М.: МГУКИ, 2008. – №1. – С. 194-196.
11. Майковская Л.С. Артистизм учителя музыки: Учебное пособие / Под ред. Э.Б. Абдуллина. – М.: Музыка, 1998. – 221 с.
12. Станиславский К.С. соч: в 8 т. – М., 1954-1961. – Т.6. – 320 с.

## ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ (КОЛЛЕДЖ, ЖОО)

**Турдалиева Б. К.,**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры,  
Алматы қ. Қазақстан, bakitzhan\_66@mail.ru

**Бельжанова К. А.,**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті,  
Алматы қ. Қазақстан

**Түйін:** Бұл мақалада сахна тілі пәні бойынша колледж бен жоғары оқу орнында қазақ халқының шешендік өнерін оқытудың ерекшеліктері туралы айтылады.

**Резюме:** Статья рассматривает особенности изучения ораторского искусства казахского народа на предмете сценическая речь в колледже и вузе.

**Abstract:** The article considers the features of the study of oratory of the Kazakh people on the subject of stage speech in College and higher educational.

**Кілт сөздер:** Дублин дескрипторлары, колледж, бакалавриат, инновация, шешендік өнер, сөз әрекеті.

**Ключевые слова:** Дублинские дескрипторы, инновация, колледж, бакалавриат, ораторское искусство, словестное действие.

**Key words:** Dublin deskriptoren, innovation oratorical arts, kolledge, baccalaureate, verbal action.

XXI ғасыр бүкіл әлемдік білім беру жүйесінің жаңа ғасыры деп атасақ болады. Қазақстанға бұл өзгерістердің лебі келгелі біраз жылдар болды. Үздіксіз білім беру жүйесінің бастауы сонау 1968 жылдардағы біріккен ұлттар ұйымының (ЮНЕСКО) бас конференциясында талқыланған. Осы арада үздіксіз білім термині пайдаланылды. Содан бері «Үздіксіз білім беру» (бакалавриат, магистратура, докторантура), «Білім берудің көп мәдениеттік тұжырымдамасы» тәрізді заңдары іске асып келеді.

Мұның басты негізі Қазақстан Республикасының әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу үшін біздің ұрпақтарымыздың білімді болуын талап етіп отыр. Оны Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - [1] атты жолдауында нақты атап өткені бәрімізге мәлім. Білім мен еңбекті ұштастыра білу дегеніміз осы бағдарламалармен жас өрендер өздерінің білімін тәжірибеде ұштастырып, бәсекеге қабілеттілігін көрсетуі тиіс.

Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің бірінші деңгейдегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзіреттер көрсетіледі.

Оқыту нәтижелері барлық жоғары білімнің білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады» [2]-делінген. Дублин дескрипторлары дегеніміз - циклды аяқтаған кезде нені біліп, нені түсініп, нені іске асыра білу керек екендігі туралы сипаттауы.

Осы орайда біздер шешендік өнердің әдістемесін колледж бен бакалавриатта оқыту мәселесіне тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, шешендік сөздер – еліміз қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағасы болған данышпандардың, кішкентайынан жалындап өскен ойшылдардың, арқалылардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, ақылды, қасиетті сөздердің жиынтығы болып табылады. Қазақтың

жазба әдебиеті туғанға дейін ауызекі сөз өнері, ауыз әдебиеті өзгеше байлығымен, көркемдігімен бірге, өмірде де үлкен салмақ салып, қызмет атқарады.

Халқымыз өз тарихын осы ауызша сөз арқылы жасап, сақтады. Әдет-ғұрып, тәртіп, адамдық, қоғамдық қатынасқа байланысты моральдық-этикалық нормалары сөз арқылы жүргізіліп, кейінгі ұрпақтарға жеткізіліп отырды.

Шешендік сөзді оқыту үрдісінде колледж студенттерінің тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөздің, қиялға әсер ететіні, сезімді қозғайтыны таңдай қақтыратын білгір білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттеп көз алдына алып келетіндігі, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз екендігі түсіндіріледі. Шешендік сөз қашанда жиналған халықтың алдында айтылатындықтан онда қоғамдық - әлеуметтік үн басым болады. Оның халықтық, тәрбиелік, білімдік, танымдық сипаты көпшілікке арналатындықтан үлкен жауапкершілікке негізделеді және сөздің күші мен көркемдік қуаты болуы көзделеді. Көпшілік шағын адамдар тобынан қалың жұртшылыққа дейін ұласып жатады. Естірту, бата, ақыл сөз кейде бірер адамға қаратып айтылса да, түптің түбінде олар көпшілікке таралып, ел аузында жатталып қалады. Басында бір адамға ғана бағышталған мұндай сөздердің үлкен философиялық астары болғандықтан, халық жадында сақталып, әрлеп, әсерленген шешендік сөздер, нақыл сөздер ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Шешендік сөздер қара сөзбен де, поэзия түрінде де айтыла береді.

Тарихта Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым батыр және басқа белгілі адамдармен қатар Жиренше шешен аңыздары, Досбол, Жидебай, Сауытбек, Қылышбай, т.б. шешендердің аты белгілі. Мысалы:

Қаз дауысты Қазыбек би жолаушылап жүріп, бір үйге түстеніпті. Үй иесі үйінде жоқ екен. Қатынының күткеніне ырза болып, ерін көріп кетпек ниетпен қонып қалыпты. Ері жұпынылау адам екен. Қазыбек жолдастарына қарап айтыпты:

Жігіттер, бұл сөзімнің мәнісі бар,

Мәнсіздің мәнді менен не ісі бар.

Құданың күдіретін қарап тұрсаң,

Жапалақ үйрек ілген бір ісі бар, - деп. Қазыбектің сөзіне қатын түсіне қалып, былай

депті:

Құдаеке, сөзіңіздің мәнісі бар,

Мәндінің мәнсізбенен көп ісі бар.

Жапалақ ілген құсын місе тұтпай,

Тағы да қоңыр қаздан дәмесі бар.

Қазыбек қатынға ырза болып, мына сөзді айтып жүріп кетіпті:

Балаң жаман болса,

Көрінгеннің мазағы.

Атың жаман болса,

Шыбын жанның азабы.

Қатын жаман болса

Бұ жалғанның тозағы.

Туған балаң жақсы болса,

Екі көздің шырағы.

Мінген атың жақсы болса,

Бұл дүниенің пырағы.

Алған жарың жақсы болса,

Мейманыңның тұрағы.

Студент (колледж) шешендік сөздерді оқығанда тыныс белгілерін дұрыс пайдалана отырып, тіліміздің әуені мен әуезін бұзбай, үндестік заңымен (орфоэпия) айтылуын қадағалап, ойын жеткізе білуі керек. Мұндағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың айтылуын, әрбір буын, әрбір сөздің таза, анық шығуын қадағалайды.

Ал, жоғары оқу орнында оқыған студент колледжден алған білімін тереңдетіп бүгінгі күннің контекстінде инновациялық жаңалықтармен сөз шеберлігін көрсете білуі керек. Өз бетінше немесе шығармашылық топтың құрамында сахналық сөйлеу құралдарын іске асыра отырып, шығармашылық ізденіс жүргізу қабілетінің болуы яғни өткен тақырыптар бойынша білім қорытындысы оның элементтерді пайдалана отырып шығарманың дәуірін, ғасырын, стилін, жанрын анықтай білуі, оқып отырған мәтінді талдай білуі, шешендік сөздердің тұжырымдамасының тереңіне бойлап, бағалап, көрерменге жеткізе білуі керек.

Студент шешендік сөздерді оқығанда алдыменен оны талдап, түпкі мақсатты тауып, сөздің жүйесі мен құрылымын анықтау керек. Сөзді айтушы тыңдаушыны қалай қызықтыруға, сендіруге, иландыруға болады деген сауалдарға жауап іздей отырып, көрерменмен байланыс жасап, тыңдаушының назарын өзіне аударып, мазмұнына көңіл қоя отырып, ойды анықтап, дәл жеткізе білуге машықтанады. Студент пен көрерменнің арасында көзбе-көз байланыс болғандықтан тапқырлық, сөзіне ұйыта білу қабілеті қажет, олай болса, өзін еркін ұстау ерекше рөл атқарады.

К.С.Станиславскийдың айтуынша «психологиялық және физикалық қысылымнан» арылып еркін әрекет ету үшін көп ізденіп, жаттығулар арқылы өзімен жұмыс жасауды жалғастыруы керек.

Шешендік өнер ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасын тауып келеді. Шешендік өнердің түп тамыры ол - астарлы сөз. Астарлы сөз қашан да тыңдарманның құлақ құрышын қандырған. Студенттерге тапсырма ретінде беру себебіміз де сол астарлы сөзді табу арқылы оның мағынасын өзі түсініп, көрерменге жеткізе білуінде. Шешендік сөздердің студент қауымына берері мол, баға жетпес құндылық болып саналады. Жұмыс істеу барысында өздерінің сөз саптау шеберлігі шыңдалып, сөз қоры көбейіп, өмірге деген көз қарасы өзгеріп, рухани жан- дүниесі жетіледі.

Сөйлеу тілінде тек сөз мазмұнының тереңдігі ғана емес, интонация, сөз екпіні, дене қимылдары, ишарат (жест), пластика да үлкен қызмет атқарады. Студент актер шеберлігінің элементтерін пайдалана отырып, сөзбен іс- әрекеттің және қимыл үйлесімдігін көрсетеді. Мәтіндегі кідіріске (қисынды, психологиялық, тыныстық) ырғақ-өлшемге, қисынды екпінге үлкен мән бере оқиды. Сонда ғана студент сөз қадірін түсініп, сырлы сөздің сырын сезініп, сөз айтудың әдісі мен тәсіліне төсіледі, шешендік сөздерді айту арқылы сөйлеу техникасын дамытады, айтылған сөзіміз әрекетті сөз болып көрерменге жетеді.

Ұрпақтың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі осыдан бастау алады. Сахна тіліне тәрбиелеу барысында шеберлікке баулу арқылы шешендік сөздерді жадына тоқып өскен өскелең ұрпақ, кезі келгенде келесі жас ұрпаққа тәрбие беріп, ары қарай жалғасын табады деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе жоғары білім бағдарламасы деңгейінде дескрипторлар студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

- Шешендік өнерге негізделген білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдану мен шешу;

- Әлеуметтік, этикалық және ғылыми мәселелерді ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру;

-Мамандарға да, сонымен қоса көпшілік қауымға идеялар мен шешімдер туралы мәліметтер беру;

- Пән бойынша («Сахна тілі») үздіксіз білім алуды жалғастыру үшін (магистратура, докторантура) қажетті оқу дағдыларын дамытулары қажет.

Үздіксіз білім беру жүйесінің колледж, бакалавриат қауымына берері мол, баға жетпес құндылық болып саналады деп түйіндейміз.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақстан, жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы / Егемен Қазақстан №11 (28235) 17 қаңтар 2014 ж.
2. ҚР «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттар» 7 –қосымша «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау.
3. Тұранқұлова, Д. Сахна тілі Т.4: оқулық.- Алматы: Білім, 2016 ж.

### САХНА ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН – ҰЛТТЫҚ ФОЛЬКЛОР НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жұмаш А.Ы.,

Т.Жүргенов атындағы ҚҰҒА доценті, өнертану кандидаты, Алматы қ., Қазақстан,  
[arman\\_zhumash68@mail.ru](mailto:arman_zhumash68@mail.ru)

**Түйін:** Мақалада ұлттық фольклор сахна тілі пәнінің негізі ретінде қарастырылады.

**Резюме:** В статье национальный фольклор рассматривается как основа сценической речи.

**Abstract:** The article considers national folklore as the basis of stage speech.

**Кілт сөздер:** Ұлттық фольклор, сахна тілі, тіл тазалығы, сөз өнері, шешендік өнер, сөз әрекеті.

**Ключевые слова:** Национальный фольклор, сценическая речь, чистота произношения, искусство речи, ораторское искусство, словестное действие.

**Key words:** National folklore, stage speech, purity of pronunciation, art of speech, oratory, verbal action.

«Тіл – мәдениеттің басты серіппесі мен негізгі қозғаушы күштермен тепе-тең. Қоғам тіл мен пікірге қаншалықты бай болса, соншалықты қабырғалы әрі қайратты болып саналады. Кісі өз ана тілін неғұрлым жақсы меңгеріп, басқалармен де еркін тіл табыса білсе, соғұрлым өз болмысы мен өмірінің мәнді өтуіне алғы шарт жасай алады. Негізінен, тіл адамның тіршілік пен өмірдегі оқиғаларға деген көзқарасын, біртұтас ағзаның және оның әр бөлшегінің жарасы мен мән-мағынасын қалыптастыратын ең маңызды фактор. Қай тұрғыдан алғанда да тіл мәдени өмірімізде шешуші рөл атқарады» [1, 25 б.]. Демек, ұлттық тілімізді дамыту, ұлттық құндылықтарды дамытуға негізделіп жүргізілсе ғана өз жемісін береді. Тіл ауызекі қарым-қатынас пен ойды жеткізудің ғана құралы емес, сонымен қатар, бабалар мұрасын бүгінгі күнге, ал бүгінгі құндылықтарды ертеңгі күнге жеткізу үдерісіндегі тізбектің маңызды кілті. Әр халық үшін өз тіліндегі әрбір сөз, алтындай қымбат. Ғасырлар қойнауынан аманат болып жеткен тарихи, ұлттық құндылықтарымыз міндетті түрде ел мүдесіне қызмет етуі тиіс.

Ұлттық тіліміздің дамып өркендеуіне ғасырлар қойнауынан бері баға жетпес үлес қосып келе жатқан, тілдің сөз қорын байытып, шұрайлы қазақ тілін әдеби тілге айналдырып отырған – халқымыздың фольклоры. М.Әуезов өзінің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында бүкіл әлем театры мен драматургиясының әуелгі бастауы халық өнерінен туғанын нақты мысалдармен дәлелдеп берген. Қай елдің драматургы болмасын, өз пьесаларында ең алдымен өз елінің өмір тарихын, ұлтының салт-дәстүрін, мінез-құлқын суреттеуді парыз деп санаған. Қай ұлттың өнерін мысалға алсақ та, ол өнердің туатын, туындайтын орны, ошағы болады. Сол топырақта дүниеге келген өнер белгілі бір шартқа, болмысқа, ұлттық құбылысқа бағынады. Ұлттық

өнеріміздің, оның ішіндегі тіл өнерінің қайнар көзі – халық. Халқымыздың өз іргесінде пайда болған салт-дәстүр, ел аузындағы әңгіме-аңыздар, той-жиында айтылар ән мен айтыс – тіл өнерінің негізінде туған, қалыптасқан, дамып жетілген.

«Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауғынан, ән-күй, өлең-жырларынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан, өнердің іргесін қалайтын елдің өзі» [2, 51 б.], – деген ұлы суреткердің тұжырымы бұған дәлел. Сахна тілін ұлттық фольклордан бастау алатындығын негізге ала отырып, оның дамуын ұлтымыздың алуан түрлі ойын-сауықтарымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыстырамыз. Қазақтың ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық халық өнеріндегі тілдің болмысын танып, оның сахналық мәдени керуеніне ілестіріп отыру – басты мақсат. Сан түрлі орындаушылық өнер түрлерін қазіргіше сахна тілі деп атамағанымен, оған негіз боларлықтай «Жар-жар», «Беташар», «Айтыс», «Жыр» мен «Дастаннан» сахналық тіл өнерінің элементтерін молынан кездестіруімізге болады. Салт өлеңдері өзінің тамаша орындалуы мен дүйім елді таңтамашаға бөлеп отырған, «Жар-жар» өлеңінің екі топқа бөлініп, қыз бен жігіт болып топтасып, алма-кезек айтысуының өзінде сахналық тіл өнері, іштегі сөз астары, айтыс-тартысы мен мән-мағынасы астасып жатыр.

«Жар-жардан» кейінгі қыздың туыстарымен, ел жұртымен қоштасу сәтін білдіретін әріден келе жатқан салт жырларының бірі – «Сыңсу». Бұл өлең жолдарында әрбір сөз, ұзатылып бара жатқан қыздың мұңын, наза көңілін, арман-ниетін білдіреді. «Сыңсу» жырының бойында физикалық әрекеттен көрі адамның ішкі көңіл-күйі, арпалыстарын білдіретін сезім басым. Оның ата-анасымен, туған ауылымен, туыс-жақындарымен, бірге өскен құрбы-құрдастарымен қимай қоштасып, жат-жұртқа амалсыз кетіп бара жатқаны, қам көңілі мен іштей торығуы, қыздың трагедиялық күй кешу сәтінен, психологиялық күйзелісін білдіретін сөзін аңғарамыз! «Сыңсу» өзіне тән әуені, айтылу мазмұны, орындалуы, қыздың құлазыған көңілін, қиналған сезімін, басына түскен тауқыметін білдіріп, егіле сыңсуы, оған кейбіреулердің күрсінген аяушылығы, олардың бет-әлпетіндегі шарасыздық сипаты – бірде пернелі, бірде термелі үлгіде алмасып келіп отыратын сөз тасқынынан әрбір кейіпкердің қайталанбас бейнесін, өзіндік сөз саптау шеберлігін аңғарамыз. Енді қызға ақыл-кеңес ретінде айтылатын жұбату өлең түрі нақыл-өсиетпен, шешендік сөз саптаумен сабақтасып жатыр.

Ұлтымыздың салт-дәстүрі – дариядай сарқылмас, сан-түрлі. Халықтың күнделікті тұрмыс-салты – оның бойындағы шынайы қасиеттерді шыңдап, өзге елде кездеспейтін жыршылықтың өркен жайып дамуына күшті ықпал жасады. Фольклорлық жырлардың қай-қайсысы болмасын бүгінгі күнге дейін қаймағы бұзылмай, бояуы өшпей, өз бедерін бұзбай жетуі осы жыршылардың арқасында. Ақындықтың, жыршылықтың, шешендіктің сұрыптауынан өтіп, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен ұлтымыздың небір асыл туындылары тіл өнерінің, әсіресе ана тіліміздің дамып жетілуіне мол үлес қосты. Атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан Беташар ұлттық болмысымызды айқындай түсетін дәстүрдің бірегейі. «Беташар» жыршылықтың екпіні, ақындықтың самғауы, шешендіктің өткірлігі, тілдің шұрайы жинақталған, салт-жырлардың жоғарыда айтқан «Жар-жарға» ұласатын ұлттық көркемдік дәстүрінің жалғасы. «Беташар» – жаңа түскен келінге алғашқы құтты қадамынан бастау алатын, ақ ниет, ақ тілекпен болашаққа жетелер, үлгі-өнегеге толы өлең жолдарымен жөн айтып, жол сілтер, өне бойында тағлым мен насихат жинақтаған халық арасына кең тараған салт жыры. Ой орамы, мазмұн байлығы, сөз саптауы, көркемдік бояуы, тәрбиелік өсиеті мен нақыл тағлым түрінде айтылатын осынау өлең жолдары – тіл өнерінің шарықтаған асқары, бет ашушының жаңа түскен келінге айтқан әр бір сөзі, оған болашақ ғұмырында құран кітаптай қастерлейтін даналық сөздер. Орындаушыдан термелетіп небір өсиет, нақыл сөздерді айта отырып, тыңдаушыларын өз өнерімен баурап әкететін, сөз шеберлікті талап еткен. «...«Жар-жар» мен «Беташар» бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы

болса да қалай болса, солай қоюға болады» [3, 53 б.], – деген тұжырым, театрлық қойылымға, актерлік ойынға ыңғайлы, сахналық құрылым мен мизансценалық қалыпты меңзеп тұр.

Сонымен, ұлттық театр өнеріндегі сахна тілі – тіл өнері ретінде алғаш ұлттық фольклордың көптеген түрлерінен дамып, өсіп-жетіліп, қалыптасып өркендеді. Тіл өнері оның ішінде, дүйім елді үйіріп әкетер қызыл тілдің шеберлік сипатын «Айтыс» өнерінен де көруге болады. Ол, тіл шеберлігінің ең биік шыңы болуымен қатар, табан астында суырып-салып айтуға, шаршы топтың алдында орындау барысында импровизациялық тәсіл арқылы қызыл тілмен қарым-қатынас жасайды. Айтысқан екі ақынның сөздерінен, сахнадағы қойылым барысындағы сөз шеберлігімен астасқан сахналық тілге лайық, драмалық диалогтар мен сөз жарысын, пікір таласын байқаймыз. Сонымен қатар, екі ақынның сөз астарына мән беруін, сөз сайысын, шиеленіскен тартысты, қақтығысты, суырып-салма сөздерінен бір-біріне анық, таза дикциясын байқау қиын емес. Екі ақынның сөзбен аңдысуы, кім жеңер екен деген бәсекеге ұласқан тартысты аңғаруға болады. Айтысушы ақындар тілінің өткірлігін, тапқырлықпен, өнерпаздықпен, алма-кезек айтысып, сөз жарыстырып қақтығысуларынан, олардың тілінің бір-біріне өз дәрежесінде анық, таза, сахналық тілдің барлық заңдылықтарын сақтай отырып, тыңдаушыларын қызықтырып, еліктіріп, неше алуан күйге түсіріп отырғанын көруге болады. Сөз астарына мән беру, немесе мысқылдап уытты өткір сынмен өтетін олардың жарысы – нағыз сөз тартысына ұласып тұр. «Қазақтың ауыз әдебиеті сол эпикалық поэзия арқылы өрбіген шешендік өнер өз тарапынан төл драматургиямызға да, актерлық мектебімізге де ерекше әсерін тигізгенін де ерекше қосып айтқан жөн, және оны ерекше мақтанышпен мойындағанымыз абзал. Әлбетте, орақ тілді би-шешендердің тас жарар сөздері ұлттың ұлылығын, оның тарихы мен танымының, пайымы мен парасатының көрінісі. Қазақ фольклоры ұлттық өнердің небір інжу-маржандарын сақтап қалып қана қоймай, кейбір аңыз-әңгімелердің тарихи шындығын да дәлелдеп беріп отыр» [4, 107 б.].

Айтыс өнері мен шешендік сөздің табиғи болмыс, бітімінде де өзара бірлік пен ұқсастық мол кездеседі. Екеуі де қасқағым сәтте айтылатын шеберлік пен алғырлық, тапқырлыққа құралған. Бірақ, жеңіске жетудің айла-тәсілдері екі түрлі. Ақындар айтысында өлең шумақтары түйдек-түйдегімен ағытылатын ұзын сүре дәлел, бұлтартпас уәжге құрылса, шешендік сөзде дау түйіні жұмбақ аралас келетін бір ауыз сөзбен шешіліп отырған. Бұл екі өнерге де, ой алғырлығы мен қырағылық қажет. Осының барлығын түйіндер болсақ суырыпсалмалық өнерді ұстанған ақындар мен шешендер – сөз тапқырлығы мен өткір тілді, айтылған әр сөзі қарсыласына таза анық жетуімен қатар, әр сөзін мәнерлеп, мазмұнмен байытып, неше түрлі қанатты сөздер, ұшқыр оралымдар арқылы сөз өнерін биік сатыға көтеретін сөз ұсталары, ұтқырлық пен білгірлік, зейін мен дарын иелері.

Ұлттық театр өнерінің басты құралы – сахналық тіл. Онсыз әдебиет пен драматургия шығармаларында көркемдік сипаттың болуы екі талай. Сахна үшін, тіл, тек қана, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге, қайнаған өмірдің көрінісі. «Сондықтан да сөз, сөз болғанда қарсылық пен қақтығысқа, құрылған әрекет қуаты күшті сөз «Станиславский жүйесінің заңдылық негізіне жатады» [5, 251 б.], – деп, айтқан сөз қақтығысы, сөз қарым-қатынасы, сөз өнері, дәлірек айтқанда, тіл идеясы қазақ эпостарының өн бойында қалыптасқан. Демек, жыр айтушы жыраулар мен ақындар шеберлігі «Актер сөйлей білу керек» [5, 248 б.], – деген Станиславский қағидасын еріксіз еске түсіреді. Онда, сөздің айтылу тәсілдерін, оның ішінде тіл тазалығы, анық сөйлеу, таза дикция, шебер сөйлеу, кейіпкердің толғанысы мен тіршілігін сөз арқылы жеткізу, сөздің әуезділігін, саздылығын сақтау сияқтыларды жете меңгерген, сөздің осындай шебер айтылу тәсілдері, атадан балаға мұра болып өтіп отырған.

Ұлттық театр өнеріндегі сахналық тілдің дамып, өсіп-өркендеуіне, эпостық дастандардың әсері мол. Батырлар жырындай асыл қазынамызды, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, ұзақ жылдар бойы оны санасында мүлтіксіз сақтап келгендер – сол халықтың

ортасынан шыққан өлеңге, ертегіге, айтысқа бейім, суырып-салма өнерпаздар, сөз шеберлері, кәдімгі орындаушылық өнерге жақын көпшілікке танымал асқан талант иелері – ақын, жыршы, жыраулар екені талассыз. Ғасырлар бойы халықтың эстетикалық талғамына сай, тыңдаушысын жалықтырмай жеткен жырларымыз – «Қобыланды Батыр», «Алпамыс Батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. Жыраулық өнер, ертеден келе жатқан ұлттық поэзиямыздың үлкен бір дәстүрлі саласы. Жыраудың, жырды орындау барысында жан дүниесімен күйзелуін, іштей психологиялық күй кешуін, бүгінгі тілмен айтқанда, кейіпке ену деп қабылдаймыз. Бұл үдерістен біз, екі жаққа да ортақ, жыр орындаушыны, шығармашылық шабытқа, тыңдаушысын өнер шабытына бөлейтіндігін көруімізге болады. Бүгінгі тілмен айтқанда, сахна мен көрермен залының арасында, сырттай сезілмейтін бейне бір іштей байланыс орнайды. Орындаушының жыр айту үдерісіндегі мың құбылған кескін-келбетін, шабыттана иілген, сахнадағы актердің кейпімен салыстыруға болады. Өнердің сан түрлі ерекшеліктерін меңгерген жыраудың кейбір дауыс үнділігі, дауыс ырғағы, анық тілі, қызу қимыл-қозғалысы, бетіндегі ым-ишараты мен өзгерістері тыңдаушысын еліктіріп, оларды әлгі тұстарда әр түрлі әсерге бөлеуі – театр құбылысына тән қасиет. Ақын жырауда композиторлық, суырып-салма өнер, қатар дамып, бүгінгі сахналық тілге негізделген өнермен іштей тұтасып жатыр. Олардың шығармашылық өнерінен, бүгінгі актер өнеріне тән қасиеттерді іздеуіміз де, осыған байланысты. Осының бәрін жинақтап айтқанда, сахналық қойылым барысындағы кейіпкер бейнесін сомдаушы актердің сахна төріндегі өнері мен анық, таза тілі, көз алдына еріксіз елестейді. «Артист тілдің қыры-сырын мүлтіксіз білуге тиіс» [5, 248 б.], – деп Станиславский айтқандай, сөз құдіреті сахналық тілді – жырау өнерінен іздеуіміз орынды. Демек, біздің көнеден келе жатқан халықтық өнеріміздің бойындағы сөз өнеріне қатысты сәттері, оның ішінде, тілге тиек етіп отырған, жыршылық өнерге қатысты тілдің шеберлігін, бүгінгі ұлттық театр өнерінде үйреніп, қолдану – сахналық шығарманың көркемдік сипатын көтере түсетіні ақиқат.

Ұлттық фольклор – сахналық тілдің негізі мол кездесетін өлең-жырлардың бірі «Қоштасу», «Естірту», «Жоқтау», ал «Көңіл айту» – естіртудің жалғасы. Бұлардың актерлік өнерге сахналық қойылым барысындағы сахналық тілге жақын қасиеттерінің бірі – оның белгілі бір жағдайға, белгілі бір уақиғаға байланысты айтылып отыруында. Бір жағынан, біздің сахналық тілімізге, өнерімізге, актерлік ойынымызға жақындығын байқасақ, екінші жағынан, оның импровизаторлық қалыпта, яғни қолма-қол, не күні бұрын шығару тәсілінің өзінен, орындаушылық өнердің сахнасын көреміз. Ал, өлеңнің «Қоштасу» түрін, М.Әуезов мынадай ерекшелігін ажыратып, атап өткен. «Жалпы қоштасу түрінде айтылғанмен, бұл жырлардың мазмұны, сыр-сипаты әралуан болып келеді. Мәселен, өмірмен қоштасу, туған жермен қоштасу, ғашық жарлардың айырылысуы, жақын достан, жүйрік аттан, қыран құстан айырылу, тағы басқалар. Ажал келіп, өлім сағаты соғар алдында қарт ата, аяулы ана балалармен бақылдасып, артына өсиет қалдырады, өмірді қимаған зарын, жетпей кеткен мұратын, ащы арманын айтады» [6, 49 б.]. «Қоштасудың» мол тараған бір тақырыбы, елі-жұртымен, туған жерімен қоштасуға байланысты туған нағыз халықтық тақырып. М.Әуезов аузымен аталып отырған «Қоштасу» бойынан, ұлттық театр өнеріндегі сахналық тілге тиесілі, ұлттық фольклорды көреміз. Сахна өнеріне қатысты, адам психикасын толғантатын, ішкі көңіл күйді қозғайтын, бейнелеуге жақын, көптеген элементтер түрлерін көреміз. Ал мұны сахналық тілге айналдырсақ, К.С.Станиславскийдің: «...«Орта зейін шеңбері» элементін еске түсірген болар едік. «Орта зейін шеңбері» – ауқымды әрекет желісі. Ол, «Кіші зейін шеңберіне» қарағанда кең кеңістікті қажет етеді. Бұл екі-үш немесе төрт-бес адамдық шағын көріністерді қамтып ойнауға қолайлы» [5, 177 б.]. Қазақтың толғауларында да, осындай ұлттық фольклордағы сахналық тілді актерлік ойынға икемді, орындауға қолайлы монолог рухындағы жырлар, өлеңдер, аз емес.

Ұлттық фольклордағы жыр-дастандар, қаһармандарының нағыз драмалық өмірін бейнелейтін дайын сюжет, дайын пьеса болса, сахналық қойылым барысындағы бейнені



ойнайтын актер үшін, тұрмыс-салттық бейнелеу тәсілдерін қолданған шеберлік мектебі болды. Жоғарыдағы сияқты, актерлік өнерімізге негіз боларлық, сахнада орындауға дайын, сахналық тілге бай, салт-дәстүріміздің бірі, «Естірту» өлеңі. Осы өлеңнің өзегінде, ұлттық фольклор сахналық тілді актерлік шеберлікпен ұштастырып шыңдайтын, сөз шебері, оның астары, түсінігі, ішкі икемі, ишараты, бірдеңені меңзеуі, мизансценалық орны, тілінің тазалығы т.б. көптеген сипаттары – актерлік ойын түріне келеді. Мәселен, естірту, көңіл айту өлеңі – қазақтың сонау ерте замандағы салты бойынша, қайтыс болған кісіні от басы ошақ-қасы мүшелеріне, жақын жұрағаттарына естіртуші адам, өзінің айтайын деген сөзін, естірткелі отырған уақиғасын тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен, өлеңмен, күймен, кейде әр түрлі салыстырулармен хабарлап жеткізуге тырысқан жыраудың тілінің шешендігі, тапқырлығы, сезімталдықпен тұспалдап естіртуі, ойын жеткізе білу шеберлігі, мақсат айқындылығы, іштей сезіну ерекшелігін көруге болады. «Естірту» жәй ғана қарапайым сөзден емес, салиқалы, салдарлы, адамның көңіл-күйіне әсер ететін астарлы сөзден тұрады. Ал осы сөздерді сахна тіліне, яғни актер тіліне айналдырсақ, онда айтылар әр сөздің өз табиғаты, өз мақсат-мүддесі, жан дүниесі табылған болар еді. «Әріптің жанын сезінбеген адам, сөздің де жанын сезіне алмайды, сондай - ақ сөйлем мен ойдың да жан дүниесін сезінбек емес» [5, 251 б.], – дейді К.С.Станиславский. Демек, айтылар әрбір әріптің, сөздің, сөйлемнің, өзіне тиелесі жан дүниесі болатынын, ал актер міндеті – сол әрбір сөздің, сөйлемнің ішкі ойын, мақсатын ашып, сөз әрекетіне, іс-әрекетіне айналдырып, оны сахналық қойылым барысында, сахнадан көрермен көпшілікке жеткізе білу. Біздің негізгі міндетіміз, сол сөз асылдарының ерекшеліктерін ой елегінен өткізіп, актерлік өнердің қажетіне жарату. Эпос жырлары, өзінің табиғи жанрлық жақындығымен, драматургиямыздың дамуына қандай әсер етсе, актер өнерінің өсіп жетілуінің сахналық тіліне, ұлттық пішінін табуға, әрі қарай биік белестерге көтерілуіне ықпал етті.

Түйіндей келе, бүгінгі ұлттық театр өнеріндегі сахналық тіл – актерлік шеберлігімізге негіз болатын, халқымыздың таусылмас қазынасы, ал мұндағы ұлттық фольклор – сахналық тіл өнерінің негізі деуге толыққанды болатындығын көреміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сана сәулетшісі. (Қазақ зиялыларының Фетхуллах Гүлен туралы ой-толғамдары). – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. - 536 б.
2. Әуезов М. Мақалалар, пьесалар. 50 томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 3 т. – 391 б.
3. Әуезов М.. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 11 т. – 480.
4. Тұңғышбай әл-Тарази. Сөз. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. – 1 т. – 272 б.
5. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 253 б.
6. Әуезов М. Очерктер және әңгімелер. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспа үйі, 1981. – 455 б.

## ҮШ САТЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ: САХНА ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ДЕМ МЕН ДАУЫСҚА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

**Хожамбердиев О. К.,**

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, PhD доктор

**Жүсіп Д. Ә.,**

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті

**Түйін сөз:** Мақалада, актер мамандарын тәрбиелеудегі дем мен дауыс жаттығулары берілген. Актердің демін, дауысын нығайту жолында қимыл-әрекетке құрылған тыныс жаттығуларының маңызы ерекше екендігі айтылады.

**Аннотация:** В данной статье говорится о необходимости упражнений, связанных с движениями, которые имеют большое значение для дальнейшего развития и укрепления голоса и дыхания для обучения будущих актеров.

**Abstract:** The article considers the exercise for actors that breath in order to form sounds

**Кілт сөздер:** Сахна тілі, актер, театр, тренинг

**Ключевые слова:** Сценическая речь, актер, театр, тренинг

**Keywords:** Stage speech, actor theatre, training

Дауыс және сөйлеу аппаратын жаттықтырып тәрбиелеу үшін, дауыстың ұзақ жылдар бойы талмай қызмет етуін сақтап қалу үшін тыныс жүйесінің жұмысына баса назар аудару қажет. Өйткені, тыныс – көмейдің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырады. Жалпы, сөз техникасын меңгеру үшін ең алдымен мүсін түзулігіне көңіл бөлінеді. Дене бұлшық еттерін босатау, көмей мен мұрынды ашу, дұрыс тыныс алуды қалыптастыру, сөйлеу аппаратын жаттықтыру, анық-таза сөйлеу. Мұндай жаттығулар кешенді түрде беріледі.

### Мүсін түзулігі

Жоғарыда айтылғандай, сахналық форма мен эстетика мүсін түзулігінен басталады. Студент бәрінен бұрын денесін тік ұстауды үйренуі керек. Себебі, дененің дұрыс қалыпта болмауы адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Адам ағзасының қызметі бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан кеуденің түзу болмауы ең алдымен тыныс алу қызметінің бұзылуына алып келеді. Мүсін түзулігін қалыптастыру үшін дененің әр бөлігін жеке-жеке жаттықтырған жөн.

**1 жаттығу.** Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Қабырғаға арқаны сүйеп, дененің барлық жерін тигізіп тік тұрамыз. Бас, мойын, иық, қол бұлшық еттері еркін болуы керек. Бес минуттай.

- Тіктелген бойымызда жүреміз.

**2 жаттығу.** (таяқша пайдаланамыз) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Таяқшаны арқамызға көлденең қойып, таяқшаның екі жағынан шынтағымызбен қысып, кеудені тік ұстап тұрамыз. Бас, мойын, иық, қол бұлшық еттері еркін болуы керек. Бес минуттай.

- Таяқшаны арқамызға көлденең қойып, таяқшаның екі жағынан шынтағымызбен қысып, кеудені тік ұстап жүреміз. Бас, мойын, иық, қол бұлшық еттері еркін болуы керек. Бес минуттай.

- Таяқшаны арқамызға көлденең қойып, таяқшаның екі жағынан шынтағымызбен қысып, кеудені тік ұстап оңға-солға жантаямыз, еңкейіп-шалқаямыз, отырып-тұрамыз. Бас, мойын, иық, қол бұлшық еттері еркін болуы керек. Бес минуттай.

**3 жаттығу.** Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Екі аяғымыз иық көлемінде ашық, кеудеміз тік, екі қолымыз арт жағымызда саусақтары айқасқан күйде. Осы қалыпта қолдарымызды төмен басамыз, керісінше көкірегімізді алға шығарып, қарынымызды тартамыз. Бас, мойын, иық, қол бұлшық еттері еркін болуы керек. Бес немесе сегіз рет.

### **Дене бұлшық еттерін босату**

**1 жаттығу.** (гигиеналықуқалау) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, саусақтарымыздың алақан жақ бетімен маңдайымыздан құлаққа дейін үш рет орташа жылдамдықта сипалаймыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, саусақтарымыздың алақан жақ бетімен мұрын үстімен бетімізді құлаққа дейін үш рет орташа жылдамдықта сипалаймыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, саусақтарымыздың алақан жақ бетімен танау мен үстіңгі ерін ортасынан бастап құлаққа дейін үш рет орташа жылдамдықта сипалаймыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, саусақтарымыздың алақан жақ бетімен иектен беттің төменгі жағын бойлата құлаққа дейін үш рет орташа жылдамдықта сипалаймыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, алақанымызбен тамақты, кеудені, ішімізден кіндік үстін сипалап жылытамыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, алақанымызбен екі жотамызды төменнен жоғары, жоғарыдан төмен орташа жылдамдықта бірнеше рет сипалап жылытамыз, бұлшық еттерін босатамыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, алақанымызбен екі жақ қабырғамызды төменнен жоғары, жоғарыдан төмен орташа жылдамдықта бірнеше рет сипалап жылытамыз, бұлшық еттерін босатамыз.

- Екі алақанымызды үйкелеп қыздырамыз, оң қолымыздың үстіне сол қолымызды қойып кіндік үстін, қарын бұлшық еттерін орташа жылдамдықта бірнеше рет сипалап жылытамыз, босатамыз.

**2 жаттығу.** (мойын босату) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, екі қолымыз екі бүйірімізде, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Басты оңнан солға қарай орташа жылдамдықпен Бес немесе сегіз рет айналдырамыз.

- Басты солдан оңға қарай орташа жылдамдықпен Бес немесе сегіз рет айналдырамыз.

- Басты орташа жылдамдықпен еңкейтеміз, керісінше шалқайтамыз. Бес немесе сегіз рет.

- Тік тұрып басымызды орташа жылдамдықпен оңға, алдыға, солға, алдыға бұрамыз. Бес немесе сегіз рет.

**3 жаттығу.** (иық босату) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, екі қолымыз төмен, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Екі иығымызды бірге орташа жылдамдықпен жоғары көтеріп төмен тастаймыз. Бес немесе сегіз рет.

- Екі иығымызды алма-кезек орташа жылдамдықпен жоғары көтеріп төмен тастаймыз. Бес немесе сегіз рет.

- Екі иығымызды бірге ақырындап алдыға қарай қуштып бір-біріне жақындатамыз, керісінше кеудені кере екі жауырынды қосамыз. Бес немесе сегіз рет.

**4 жаттығу.** (қол буынын босату) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, екі қолымыз төмен, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Оң қолымызды жанымызға көтереміз, жұдырығымызды түйе шынтағымызды бүкпестен орташа жылдамдықпен алдыға қарай бұраймыз. Сегіз немесе он рет.

- Сол қолымызды жанымызға көтереміз, жұдырығымызды түйе шынтағымызды бүкпестен орташа жылдамдықпен алдыға қарай бұраймыз. Сегіз немесе он рет.

- Екі қолымызды жанымызға көтереміз, жұдырықтарымызды түйе шынтақтарымызды бүкпестен орташа жылдамдықпен алдыға қарай бұраймыз. Сегіз немесе он рет.

**5 жаттығу.** (аяқ буынын босату) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, екі қолымыз бүйірімізде, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Оң аяғымызды алдыға сәл көтеріп, аяқ ұшын созған бойда тізені бүкпестен орташа жылдамдықпен Бес немесе сегіз рет бұраймыз.

- Сол аяғымызды алдыға сәл көтеріп, аяқ ұшын созған бойда тізені бүкпестен орташа жылдамдықпен Бес немесе сегіз рет бұраймыз.

- Оң аяғымызды артқа сәл көтеріп, аяқ ұшын созған бойда тізені бүкпестен орташа жылдамдықпен Бес немесе сегіз рет бұраймыз.

- Сол аяғымызды артқа сәл көтеріп, аяқ ұшын созған бойда тізені бүкпестен орташа жылдамдықпен Бес немесе сегіз рет бұраймыз.

**6 жаттығу.** (бел босату) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық немесе қосып қойса да болады, екі қолымыз бүйірімізде, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Белді алдыға, оңға, артқа, солға, қайта алдыға, осылайша ақырын жылдамдықпен үздіксіз бес немесе сегіз рет айналдырамыз. Белден басқа дене бұлшық еттерін шама келгенше қимылдатпау керек.

- Белді алдыға, солға, артқа, оңға, қайта алдыға, осылайша ақырын жылдамдықпен үздіксіз бес немесе сегіз рет айналдырамыз. Белден басқа дене бұлшық еттерін шама келгенше қимылдатпау керек.

**7 жаттығу.** (керілу) Бастапқы қалып-денені тіктеп аламыз, екі аяғымыз екі иығымыздың көлемінде ашық, екі қолымыз төмен, демді қыспаймыз, еркін тұрамыз.

- Екі қолды жоғары көтеріп балтырдан бастап сан, қарын, қабырға аралық, қол т.б. бұлшық еттерді кереміз. Бес секундтай ұстап, қолды бірден төмен түсіреміз, босатамыз. Үш рет.

- Екі қолды жоғары көтеріп балтырдан бастап сан, қарын, қабырға аралық, қол т.б. бұлшық еттерді кереміз. Бес секундтай ұстап, бірінші оң қолды артынша сол қолды бірден төмен түсіреміз, босатамыз. Үш рет.

- Екі қолды жоғары көтеріп балтырдан бастап сан, қарын, қабырға аралық, қол т.б. бұлшық еттерді кереміз. Бес секундтай ұстап, бірінші сол қолды артынша оң қолды бірден төмен түсіреміз, босатамыз. Үш рет.

- Екі қолды жоғары көтеріп балтырдан бастап сан, қарын, қабырға аралық, қол т.б. бұлшық еттерді кереміз. Бес секундтай ұстап, қолды шеңбер жасап түсіреміз, босатамыз. Үш рет.

**8 жаттығу.** (қамыр илеуші мен қамыр-жұптық)

Мақсаты: әдеттегідей дене бұлшық еттерін, буындарын босату мен еркін дыбыстауды сезіну. Жаттығуды жұптасып жасаймыз.

Бірінші кісі орындықтың арқасын алдыға қаратып отырады. Бұл кісі – «қамыр».

Екіншісі қамырдың арқа тұсында тік тұрады - «қамыр илеуші». Қамыр – жұмсақ, икемге көнгіш, қалыпы жылдам өзгергіш, қолға жабысқақ келетіні сияқты өзіне тән қасиетін сақтауы шарт, яғни орындықта отырған «қамырымыз» осы ерекшеліктеріменен нан илеушіге тәуелді, ыңғайлы, денесін бос ұстап әрі жинақы отырады.

«Қамыр» сырттай бос отырғанымен іштей жинақы, «қамыр илеушінің» ырқына бағынышты болып отыруы тиіс.

Қамыр илеуші илегендей қимылмен қамырдың иығына саусақтарының ұшын қойып, жабысып қалғандай жоғары көтереді.

Осы сәт отырған «қамырымыз» иығы жабысып қалғандай қамыр илеушінің қолымен бірге жоғары көтеріледі (иық бөлігі).

Керісінше қамыр илеуші қолын ала қойса отырған қамырымыз ақырын төмен түсіп қалпына келе бастайды.

Осылайша иықты жоғары, төмен, алға, артқа, екі иықты кезек қимылдату арқылы бірінші ойыншының - «қамырдың» дене бұлшық еттерін әбден босатып аламыз. Ескеретін бір жай, қамыр денесін сырттай бос ұстағанымен іштей жинақы әрі өзін «илеушінің» импульсын қалт жібермей керісінше, соның ырқында болады.

«Қамыр», жақты босатады, тіс арасы ашық, ал еріндері жабық. Ауызды ашпастан еркін дем алады.

«Қамыр илеуші», «қамырдың» иығынан бастап желке бұлшық еттерін саусақтарыменен босатады.

Осыдан кейін «нан илеуші» оң алақанын «қамырдың» арқасына (жауырын арасы) қойып, сол қолымен иығынан ұстайды. Ал «қамыр», арқасы сәл-пәл дөңгелене, басы төмен түсіп, мойынын босатады. Әрі қарай «қамыр илеуші» серіктесінің иығын артқа қарай ал, арқасын алақанымен кеудесін шығара баса түседі (иықты белге қарай қайыстыра). Осы қалыпта «қамырды» 10 секундтай ұстаймыз, сосын босатамыз; «қамыр» өз қалпына келеді.

Дем, емін-еркін. «қамыр илеуші» қолын алғанда (босатқанда) серіктесі «м»-ға дыбыстайды.

Дәл осылай екінші жағынанда жасалынады.

«Қамыр илеуші», өз міндетін әрі қарай жалғастыра түседі яғни, «қамырдың» шынтақ бөліктерінен алақанымен қолдан қолға ұрғылайды (илейді). Бірнеше рет қайталанады. Ал, «қамырдың» желкесі бос, иықтары жұмсақ қалпында болуы шарт.

«Қамыр илеуші», алақандарымен басы салбыраған «қамырдың» құлақ тұстарынан ұстайды. Басты салмағын сезіне екі қолдың арасында абайлап қана шайқайды. Бас, денеден бөлек тұрғандай бос болады.

«Қамыр илеуші», бір алақанын маңдайға, екінші алақанын желке тұсына қойып бастың салмағын сезіне әрі-бері қозғайды. «Қамыр» қимылдың ырқына дем қосып «м»-ны дыбыстауды жалғастыра түседі. Дыбыс, шамасына қарай еркін болуы керек.

Жаттығуды еденде жасауға да рұқсат етіледі. «Қамырыңызды» етбетімен жатқызып, бүкіл арқа бөлігін, қабырғаларын уқалап, сонан соң алақанмен арқасының барлық жерінен ақырындап ұрғылаймыз. «Қамыр», әдетінше «м»-ны дыбыстайды.

Одан соң дәл осылайша, тек еріндерін босатып дыбыстың «А»-болып шығуына жағыдай жасайды. Дыбыс емін-еркін шығады. Енді, «қамыр илеуші» серіктесінің арқа ортасына алақандарын қойып серпіліспен денені басқылайды, дыбыс жандана түседі.

«Қамырды» бір қырымен жатқызамыз. «Қамыр илеуші» бір қолымен оның иығынан, екінші қолымен белінен ұстап сілкілейді. «Қамыр» дыбыстайды. «Қамырды» шалқасынан жатқызамыз. Саусақтарының ұштарынан ұстап қолдарын сілкілейміз. «Қамыр» дыбыстайды.

Осылайша «қамыр илеуші» серіктесінің аяқтарында жеке-жеке сілкілейді. «Қамыр» дыбыстайды.

Барлық дене бөліктерін бос сезінген «қамырды» аяғына тұрғызамыз. Осы күйінде, «қамыр илеуші» барлық жұмысты қайталап шығады. «Қамыр», дыбыс еркіндігін қадағалай тұрып «м»-ға да, «а»-ға да дыбыстайды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Хожамбердиев О.К. «Сахналық тіл-сөз әрекетінің негізі» оқулық, 2015.- 74 б.
2. Әбзелбаев М. Радио және теледидар дикторының тіл техникасы: оқу құралы. - Алматы: Зумар, 2012. – 208 б.
3. Омарбаева М.С. «Сахна тілі» оқу құралы. А.2019ж.

## «АКТЕРЛІК ӨНЕР» МАМАНДЫҒЫНЫҢ КӘСІПТІК ЦИКЛ БАҒЫТТАРЫ («МУЗЫКАЛЫҚ ТЕАТР АРТИСІ» БІЛІКТІЛІГІ МЫСАЛЫНДА)

**Көлжан О.Ө.,**

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА колледжі, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,  
[otaryalybey@mail.ru](mailto:otaryalybey@mail.ru)

**Түйін сөз:** Мақала жаңа мюзикл жанрының қалыптасуына, өзіндік музыкалық театр ерекшеліктеріне, оның заманауи музыкамен синтезделуіне, классикалық бағыт жетістіктерін пайдалану мүмкіндіктеріне арналған.

**Аннотация:** Статья посвящена проблеме исследования популярного жанра мюзикл и ее становлению, особенностям специфики музыкального театра в слиянии современной музыки, сопоставлений и применении классических элементов сценического искусства.

**Abstract:** The article is devoted to the problem of investigation of the popular genre of musical and its development, particularities of the specifics of the musical theatre in its merger with the contemporary music, comparison and application of the classical elements of choreographic art.

**Кілт сөздер:** мюзикл, театр, қойылым, опера, оперетта.

**Ключевые слова:** мюзикл, театр, спектакль, опера, оперетта

**Keywords:** musical, theater, performance, opera, operetta.

Жас артистің рөлі бойынша жұмысы барысында өз мамандығы бойынша теориялық білімге, актерлік элементтерді зерттеуге ынталандыру негізге алынып, оның актерлік міндетін, қиялын шыңдап, драматургиялық мәтіннің ішкі астарын ашуға, сыртқы сипат элементтерін дамытуға баулуға баса назар аударылады.

Ғылымда оперетта туралы екі көзқарас бар. Кейбір ғалымдар бұл театр өнерінің өзіндік түрі деп санайды, ал басқалары мюзикл жанрымен сәйкестендіреді. Опереттада музыкалық сәттердің кірістірілген болуы мүмкін, мюзиклде олар іс жүзінде әрекетпен, оқиғалардың өрбу қарқынымен шешіледі. Оперетта әлемі кең және күрделі, ол әнмен, сатирамен, күлкілі көріністермен, нәзік те жантебіренерлік әсерлі көріністермен де жанасатын жанр. Оперетта өнерінің ажырамас бөлігі, оның нысаны – халық театрының тәжірибесінде сәтті табылған сөздердің, музыканың, әндер және билердің синтезі. Опереттада музыка маңызды драмалық функцияны орындайды. Ондағы музыка опера мен балеттегідей кейіпкерлер қатынастарын сипаттауға, қойылымдағы іс-әрекеттің дамуына, сондай-ақ қойылым идеясын ашуға, оқиғалардың белсенді өрбіп-шиеленісуіне қызмет етеді. Сонымен қатар, бұл жанрдың операдан айырмашылығы, бұнда музыка негізінен танымал ән мен билерден құралады, бұқаралық өмірдегі ырғақтардың, музыкалық бояулардың әртүрлілігімен тығыз байланысты. Осылайша, оперетта жанры қазіргі заманғы жас актерлерге өте жоғары талаптар қояды. Егер оперетта мәнерлеп музыкалық, драмалық, хореографиялық және опералық өнерді қолданатын жанр болып табылса, онда оперетта актері қазіргі уақытта жоғарыда аталған барлық дағдыларды меңгеруге мәжбүр. Вокал, пластика, би, актерлік шеберліктің барлығы жоғары кәсіби деңгейде болуы керек. Дегенмен, бұл оңай шаруа емес.

Дауыстық өндіріс әдістері (вокалдық мектептер) әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олардың барлығы жұмыста жалпы принциптерге және сатыларға сүйенеді: тыныс алуды

дамыту және жетілдіру; резонаторларды, ұстанымдарды, дыбыстық шабуылдарды қолданудағы ұғымдар мен дағдыларды игеру; вокалдық техниканы меңгеру; артикуляциялық аппаратпен жұмыс істеу. В.Морозов өзінің «Вокалдық есту қабілеті және дауыс» атты шығармасында былай деп жазады: «Адам даусы музыкалық аспапқа ғана емес, сонымен қатар физиологиялық заңдылықтарға да сүйенетін, скрипкадан немесе фортепианодан әлдеқайда қиын тірі музыкалық құрал болып табылады. Дауыспен «ойнау» керек болса, кем дегенде оның негізгі «техникалық» қасиеттерін білу керек» [1].

Театрға арналған ойын-сауық көбіне актердің денесімен, пластикасымен келеді, содан кейін оған көркем және музыкалық дизайн қосылады. Бұл жеңілдік, икемділік, ішкі және сыртқы мобильділік, бұлшықеттердің икемділігі, формалық сезім сияқты қасиеттер қазіргі заманғы актерге тән болуы керек дегенді білдіреді. Денеңізбен танысу үшін, оны зерттеңіз, денеңізбен «ойлап» көріңіз және режиссердің алдыңызға қойған тапсырмасын орындаңыз – бұл «сахна қозғалысы» тақырыбының мақсаты. В.Мейерхолд актердің мәнерлеп қозғалудағы заңдылықтарын сахнада табуға тырысты. Ол былай деп жазды: «...Актердің өнері – оның материалын, яғни оның денесінің мәнерлі құралдарын дұрыс қолдануға қабілет жасауымен тығыз байланысты. Актерде ұйымдастырушы және ұйымдастырылушы (яғни суретші және материал) біріктіріледі. Актер өзінің материалын, денесін жаттығулар арқылы сырттан алынған тапсырмаларды (режиссерден) дереу орындауға үйрету қажет. Актер ойынының міндеті нақты тапсырманы орындау болғандықтан, тұлғасы тапсырманы жылдам іске асыруға көмектесетін, қозғалыс дәлдігін кепілдендіретін мәнерлі құралдарды үнемдеуді талап етеді...» [2].

Біз опереттаның өте ерекше өнер екенін тағы бір рет атап өткіміз келеді. Синтетикалық өнер, онда актер ән айтуы керек, денесін еркін игеруі, би билей алуы керек. Және бұл жерде одан да маңызды жоғары дәрежелі актерлік дайындық болуы керек. Бұл жанрлардың ең күрделі түрлерінің бірі деп айтуға болады, актердің жоғарыда аталған дағдыларды иеленуі міндетті. Бір уақытта ойнау және би билеу өте қиын, актерлік ойын ойнап, цирк элементтерін орындау да оңай шаруа емес.

Еуропадағы келесі композиторлар оперетта жанрының дамуына үлес қосты: Эрве, Оффенбах, Лекко, Огран, Планкет, Зуппе, Миллекер, Штраус, Целлер, Легар, Кальман, Винтерфельд, Джилльберт, Сюлливан, Рид, Герберт, Фримль, Масканы және басқалар.

Вокалдық дайындық, сахна тілі (сахналық сөйлеу шеберлігі), сахналық қозғалыс және би, актерлік шеберлігі – студенттің оперетта, опера, мюзикл және тағы да басқа музыкалық театр жанрларында жұмыс істей білуі үшін үйренуі тиіс негізгі бағыттары.

Вокалдық дайындық кезінде студент вокал өнерінің негізгі қағидаларын меңгеру керек: тыныс алуды дамыту және жетілдіру, резонаторларды пайдаланудағы ұғымдарды және дағдыларды меңгеру, позицияларды, дыбыстық шабуылдарды, вокалдық техниканы меңгеруді, артикуляциялық аппаратпен жұмыс жасауды игере білуі қажет. Форте, пиано, мецо және мелодиялы дыбысты орындауды игеріп, өз дауысының өзіндік түстерін, өзіндік мобильдігін жетік меңгергені жөн (колоратурасы), ырғақты және қарқынды түсіне білгені құба-құп, әртүрлі жолмен ноталарды байланыстыруға қабілетті болуы керек.

Сахналық сөйлеу көптеген жаттығулардың көмегімен дамиды. Сахна тілі мүмкіндіктерін жетік игеруде дауыс гигиенасы және кәсіби жұмыс режимі маңызды рөл атқарады. «Музыкалық театр артисі» біліктілігінде білім алушы студент сахнадағы жүріс-тұрысты, сахна қозғалысы элементтерін, акробатика мен семсерлесудің негізгі элементтерін түсінуі тиіс. Сахналық сайыс, дәуірлік мінез-құлық және этикеттерді игеру, пантомиманың стилистикалық ерекшеліктерін ұғына отырып, жұмыс істеу студенттердің физикалық дамуына кең жол ашады. Студент классикалық бидің негізін білуі керек. Вокалдық-қозғалтқышты сахна қозғалысымен үйлестіру маңызды. Қозғалыс кезінде немесе одан кейін ән айту музыкалық театр артисінің басты мәселесі. Көбінесе дұрыс тыныс алу қиынға соғып жатады, сондықтан студент дұрыс дем алуды алдымен үйренгені абзал.

Опереттаға, ұлы жанр операға ұқсас болғандықтан, театр өнерінің жекелеген

жанры ретінде мюзикл ұзақ уақыт бойы танылмады, алайда ол өзінің барлық кезеңдерінде басқа жанрлардан ерекшеленетін өз ерекшеліктерін қалыптастырды. Мюзикл американдық және еуропалық опереттаның дамуының, қалыптасқан дәстүрлер мен канондардың бұзылуының, әртүрлі шекаралардың кеңеюінің жемісі, экспрессивті құралдар мен тиімділіктің салдары болып табылады. Опереттадан басқа, мюзиклдің пайда болуна музыкалық комикс операсы, водевиль және бурлеск сияқты жанрлар, сондай-ақ, 20-шы ғасырдың және ХХІ ғасырдың басындағы эстрадалық музыка стилі мен үрдістері әсер етті.

Ол оркестрде стилистикалық тұрғыдан баяу және әртүрлі әуендер түрлерін, симфониялық джаздың көптеген түрлерін, сондай-ақ күрт, жарқын түстерді және электро-акустикалық жабдықты талап ететін заманауи бағыттарды алға тартты. Мюзиклде өзара қарым-қатынаста: диалогтар, әндер, музыкалар мен шоулар, хореография маңызды рөл атқарады. Мюзикл хореографиясы опереттадан, балет пен салон билерінен ерекшеленеді. Мюзиклде өткір драмалық тартыс, әрекеттің үлкен динамикасы, әртүрлі музыкалық формалар сипатталады.

Мюзикл спектакльдердің опереттадан айырмашылығы, іс жүзінде өз драматургиясы жоқ. Олардың негізі – әдеби шығармалар немесе өзгертілген либретто (опереттаның либреттосымен қоса) және драмалық театр үшін жасалған еңбектер. Мюзикл жанры, әдетте, қойылым жасаудағы техникалық күрделі қатынаста қиындықтар тудырады, сондықтан қымбат. Көптеген Бродвей музыкалық шығармалары өздерінің ерекше әсерлерімен ерекшеленеді. Олар – стационарлық мюзиклдер. Онда көптеген жылдар бойы күнделікті қойылымдар ойналады, олар көпшілікке танымал.

Мюзикл – музыкалық театрдың ең коммерциялық жанрларының бірі. Бұл ойын-сауыққа, өндіріс үшін әртүрлі тақырыптарға, әртістерге арналған сөздіктерді шектеусіз таңдауға байланысты. Мюзикл көбінесе екі актылы қойылым ретінде ойналады. Мюзикл туралы жарияланымдардың көпшілігі газет және журналдық шолулар, ғылыми мақалалар. Американдық мюзиклді тарихи және әлеуметтік-психологиялық контекстте қарастыратын және өзінің тарихи типологиясын бірінші рет белгілейтін С.Бушуваның проблемалық мақаласын атап айтуға болады. Ол былай деп жазады: «Мюзикл – жаппай қоғамдық сұраныстан туған жалғыз жанр» [3].

Ғылыми әдебиетте мюзиклді зерттеудің тағы бір аспектісі сценарий мен драматургияға байланысты классикалық әдеби шығармаларды бейімдеуге негізделген оның сюжеттік-драмалық негізі болып табылады.

«Мюзикл» термині композитор Ричард Роджерс пен «Оклахома» ақыны Оскар Хаммерштейннің «Бродвейде» шығармасына байланысты 1943 жылы пайда болды. Алғашында авторлар дәстүрлі түрде «музыкалық комедия» деп атағанымен, жұртшылық пен сыншылар оны белгіленген канондарды бұзатын жаңалық ретінде қабылдады. Спектакль композициялық түрде біртұтас тұтастықтан құралған еді: вокальдық және би нөмірлері, сюжеттік желі, кейіпкерлер, музыка – барлық компоненттер әртүрлі тәсілдермен сахналық жұмыстың жалпы сызығы арқылы ортақ мақсатқа бағындырылып, ербіді.

Американдық мюзикл жанрының театрландырылған музыкасының ең жарқын өкілдерінің бірі Л.Бернстайн былай деп жазады: «Барлық ән, би, драмалық презентациялар әуесқойлары үшін «американдық музыкалық комедия» [4] деген атау таңғажайып тіркес болып табылады. Сонымен қатар, Л.Бернстайн музыкалық спектакльдердің түрлерін: шоу, ревью, оперетта, комикс операсы, опера-буфф, үлкен опера, Вагнердің музыкалық драмасы деп классификациялайды.

Мюзикл аудиторияға музыкамен және мәтіннен ғана емес, әртістердің қозғалысымен де әсер етуі керек; өйткені, орындаушылардың қозғалысы, бет әлпеттері және қимылдары кейіпкерлердің таңбаларын ашуға көмектеседі. Айта кетейік, американдық мюзиклдер көрермендерге әдемі көріністі: қарапайым әрі қызықты, әйгілі әуендерді, жағымды келбеттері бар актерлерді, жарқын костюмдерді, керемет пейзажды



және заманауи арнайы эффектілерді ұсынып, сауатты кәсіппен айналысады. Мюзикл әртүрлі кәсіптік дағдыларды – шебер сөйлеуді, ән айтуды, билеуді игерген, оларды бір сатыда сахналық мінез-құлыққа бағындыра алатын, тұтас бейнені жасау міндетін түсінетін – осылардың бәрін синтездеуге қабілетті әмбебап дарынды актерлерге сүйенеді.

Сюжеттік қарым-қатынастағы мюзикл – әйгілі әдеби шығарманың драматизациясы немесе танымал сахналық жұмыстың негізінде жазылуы мүмкін, ол өз либреттасымен жасалады. Әрбір мюзикл драмалық ойын сияқты композициялық түрде жеке-дара құрылымға ие болуы мүмкін. Мюзикл қойылымдар оқиғаның басталуы, өрбуі және аяқталуы да жеке-дара болып келетін, кейіпкерлердің ерекшеліктері мен оқиғалардың барысы өзіндік құрылым арқылы ақталатын өз арнасын жасайды. Оқиғалардың өрбуі кезінде кейіпкердің тағдыры айтарлықтай өзгеруі мүмкін, кейіпкердің мінезі де өзгереді. Кейіпкерлердің мінез ерекшеліктерін ашатын либреттолар әзірленеді.

«Қазіргі заман мюзиклі» мақаласының авторлары М.Гринберг және М.Тараканов «театр өнеріндегі жанрлар жиі туылмайды» [5] деген пікірлерін алға тартады. «Шығарманың көркемдік ерекшеліктерін талдай отырып, біз оның жанрлық ерекшелігін анықтауды комедияны, драманы, трагедияны немесе водевильді анықтайтын тұрақты тұжырымдамаларды қолдану арқылы үйрендік. Уақыт өткен сайын сахналық туындылардың жанрлық құрылымы соншалықты күрделі бола бастағаны соншалық театрландырылған қойылымдар арасында «таза» жанрлар соңғы кезде өте сирек кездеседі» [5] деп айтқан болатын бұдан ширек ғасыр бұрын мюзикл жанрының майталман мамандары.

«Мюзикл туралы» кітабында Е.Кампус Отто Шнайдерайттың оперетта туралы танымал парадоксын келтіреді [6] және оны мюзикл жанрына қатысты сипаттауды ұсынады. Міне, былайша түсіндіріледі: «Мюзикл – ең танымал сахналық жанр. Мюзикл жанры – ең аз танымал жанр. Мюзикл барлық адамдарға белгілі, өйткені барлық адамдар мюзикл қойылымдарын біледі. Мюзикл ешкімге белгілі емес, өйткені мюзикл жанрының спецификалық ерекшеліктерін ешкім білмейді».

Американдық мюзиклдердің шығу тегіне В.Конен де ерекше пікір білдірген, ол мюзиклді «американдық жеңіл жанрлық эстрадалық өнердің ең толық саласы» [7] деп есептейді.

Мюзиклдің музыкалық, хореографиялық, вокалдық пункттері – барлығы да бір-бірімен біте-қайнасып, бір ортақ мақсатта сабақтасып жатуы тиіс. Бұл – музыкалық театрдың басты бағыты. Барлығы бір-бірімен оқиға әрекетін толықтыра отырып, драманың заңдарына сәйкес құрастырылуы керек. Музыка мен би негізгі сюжеттік желіні толықтырады және көрсетеді.

Музыкалық театр артистерін дайындаумен Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы, Астанадағы қазақ ұлттық өнер университеті айналысады. Олар – музыкалық театрда жұмыс істеуге қажетті барлық бағыттар бойынша бірдей сапалы білім беретін орындар. Осы мақсатта біз дипломдық жұмыс ретінде Кэтрин Джонсонның «Мама Мия» музыкалық комедия жанрында қойылым сахналаудамыз. Бұл қойылым студенттерге музыкалық комедия жанрының ерекшеліктерін түйсінуге, табиғатын ұғуға кеңінен жол ашады деп сенеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Морозов В.П. Вокальный слух и голос. М., Музыка, 1965
2. Мейерхольд В. Статьи, письма, речи, беседы. – Москва: 1968
3. Бушуева, С. Мюзикл, Текст.: сборник статей: 2 изд. доп. М.: Искусство, 1989.
4. Бернстайн Л. Музыка — всем. — М., 1978.
5. [Гринберг, М.М. Современный мюзикл. – М.: Сов. Композитор, 1982.](#)
6. Кампус Э. О мюзикле. Л., 1983.
7. [Конен, В. Пути американской музыки. – М.: Сов. Музыка, 1977](#)

## ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ДАУЫС ҚОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Карамолдаева Г.Ж., Карамолдаева Д.О.

Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы, k\_arna@mai.ru

**Түйін сөз:** Мақалада дауыс тәрбиелеу үдерісіндегі үздіксіз білім беру мәселелерінің рөлі қарастырылған.

**Аннотация:** В статье рассматривается роль непрерывного образования в процессе певческого воспитания

**Abstract:** the article considers the role of continuous education in the process of singing education

Белгілі бір бағыттағы кәсіби маманды дайындауда үздіксіз білім берудің маңызы өте зор. Мектеп жасынан бастап, колледж, әрі қарай жоғары оқу орнында, тіпті бір пәнді қандай әдіс-тәсілдер қолдану арқылы жүйелі түрде оқыту нағыз кәсіби маман дайындап шығарудың кепілі. Әсіресе, жеке сабақтар түрінде өтетін өнер пәндерін жүргізуде «үздіксіз» білім беру үдерісі өте тиімді. Кәсіби маман тек қана үздіксіз қалыптасатын дағдылар арқылы ғана белгілібір дәрежеге қол жеткізе алады. Соның бір ғана мысалы ретінде халықтық вокалдық педагогиканы, оның қалыптасу жолдарын зерделеп көрейік.

Халқымыз өзінің сан қырлы әншілік дәстүрін ғасырлар қойнауынан аялап-сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Әр аймақтың, әр өлкенің өзіндік әйгілі ұстаздары - әншілері, композиторлары, суырып салма ақындары өздерінің бойына сақтаған ата-бабаларымыздың музыкалық дәстүрін жас ізбасарларына, шәкірттеріне үйретіп, бойына сіңіріп, қалдырып отырды. Олар шәкірттерін әр шығарманың өзіндік ерекшелігін тыңдаушының сезім пернесін дәл басатындай етіп жеткізе білуге, орындау мәдениеттілігі мен дауысты меңгерудің жоғарғы шеберлігіне үйретті.

Қазақ халқы өз ұрпағын домбыра тартып, ән салуға бала жастан баулыған. Әншілер мен күйшілерін, композиторлары мен суырып салма ақындарын елі қадір тұтып, еркелеткен, бесік жырынан бастап бар өмірін ән тербеген, табиғаттың барлық құбылысына – қуанышы мен қайғысына, уайымы мен сүйіспеншілігіне әнмен жауап берген. Әнмен қуанып, әнмен жылаған.

«Халық даналығы - әнді ертеден-ақ ерекше бағалап, халықтың жаны» деп атаған. Бұл өте дәл, мейлінше әділ баға, өйткені жақсы ән мен жақсы күй қай заманда, қай халықтың болса да ең асыл арманы мен тілегін айқын бейнелеп, олардың бақытты өмірге ұмтылған ыстық сезімін жеткізе білді.

Халық әндерін қазақ халқының көптеген өнерпаз ұрпағы ғасырлар бойы туғызып келген.

Қазақ қашаннан музыканы сүйетін, әнді ардақтайтын халық. Халқымыздың мұндай қасиеті туралы орыстың және басқа да халықтардың интеллигенция қауымы-ғалымдары, этнограф-фольклор жинаушылары, әдебиетшілері, журналистері кезінде білікті пікірлер айтқан-ды» (1,3-4).

Қазақ музыкасы туралы келелі пікір айтушының бірі, ХІХ ғасырдың 70 жылдары Түркістанда болып қазақ өнерпаздарымен тікелей араласқан – Август Эйхгорн. Ол: «Қазақ әндері құдіретті де күшті, өктем әрі сонымен бірге жатық, құлаққа жағымды естіледі... Жапан түзде, немесе ауылда, болмаса мал арасында, айдала мен жазық өңірлерде, таулар мен көсілген алқаптарды аралаған кезінде, жым-жырт аспан астында жалғыз келе жатып оның салған әні тіпті әдемі естіледі.

Түнде, күндіз де, таңертен де, кешке де, жазда да, қыста – қашан, қай кезде болмасын қазақ қиялсыз жүрмейді, не ыңылдаған сарынмен көңіл-күйін білдіреді немесе ән салады, әйтпесе өлең шығарады, енді бірде шежірелік сөздерді мақалдап айтумен болады. Олардың қарапайым сөздері мен саздары айналадағы табиғат жағдайына сай

келеді де, оның сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз айқын баяндайды» - деп жазды. (2, 58).

Венгер ғалымы А.Браташ: «Қазақтар таңқаларлық дарынды халық, олар әнімен билеп алады. Меніңше, қазақтардың музыкалық қабілеті веналықтардан, әншілігі италяндықтардан кем емес. Қазақстан – бақытты Азияның Венасы мен Италиясы», - деп дәріптеген (3,13).

«Музыкалық дарыны мол халық өзінің ән өнерін әріден жасап, сақтай, өткірлей, өңдей бізге жеткізумен бірге уақыт алға жылжыған сайын аты аталатын авторлығы бар әнші-композиторларды, орындаушыларды тудырды. Музыкалық фольклор тарихында қазақ халық музыкасының асқан шеберлерінің есімі қалды...

Халықтық әншілік өнердің ХІХ-ХХ ғасырлардағы аты әйгілі асқан таланттары: Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов (1818-1854), Біржан Қожағұлұлы (1829-1887), Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913), Мәди Бәпиев (1880-1921), Мұхит Мералиев (1841-1918), Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929), Естай Беркімбаевтар (1868-1946) еді. Бұлардың әншілік дәстүрлерін біздің уақытта: Кенен Әзірбаев (1888 ж. туған), Иса Байзақов(1900-1946), Қосымжан Бабақов (1891-1954), Қуан Лекеров (1896-1955), Манарбек Ержанов (1908-1966), Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, т.б. әншілер, композиторлар, орындаушылар дамытты» (1,7).

Дауыстар өзінің табиғатында, әсіресе біздің халқымыздың дауысына байланысты айтатын болсақ, негізінен қою, қоңыр үнді, кейде шыңылдаған ащы болып келеді. Табиғи жағынан «қойылған дауыс» секілді диапазоны кең әншілер де кездеседі. Кейбір халық және халық композиторларының әндерінің диапазондарына қарап отырып, оған оңай көз жеткізуге болады. Мысалы: «Ғауһартас», «Алтыбасар», «Гәкку», «Айнамкөз», «Жиырмабес», «Бурылтай», т.б. әндерді өмірге әкелген сал-серілердің де дауыс диапазондарының кеңдігінен хабар береді. Олардың даусын қазіргі кезде естіп, тындап, көруге мүмкіндік болмаса да, ән табиғатына үңіле отырып (фразалардың ұзықтығы, әдемі дыбыс шығаруға бірден-бір септігін тигізетін әуен иірімдері сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың орналасуы, әуеннің жүру бағыты, т.б.), қаншалықты сезімге бай, кең тынысты, ауқымды екендігін байқаймыз. Әлемге әйгілі «бельканто» дыбыс шығару техникасымен теңеледі десе болады. Өткен ғасырдың басында Парижды өз орындау шеберлігімен таңқалдырған Әмре Қашаубаевтың бізге жеткен үн таспадағы дауысын тындай отырып-ақ, сол кездегі техниканың оның дауысындағы небір «асыл иірімдерді» дәл жеткізе алмағанына қарамастан, көл-көсір, сарқыраған ағын судай әлемет, қуаты күшті дауысты естисің. Ол кезде, «ән салу мектептері» деген ұғым қалыптаса қоймағанымен, әрбір сал-серінің айналасынан, оның ән салу мәнерін үйренсем, әндерін жаттап алып, оны әрі қарай халыққа жеткізсем деген өнерпаздар көптеп табылатын. Тіпті ата-аналарының өздері де ән үйренсін, әнді қалай салу керек екендігін білсін деген ниетпен өздерінің ән айтуға икемі бар деген балаларын олардың қасына ертіп жіберетін. Міне, сөйтіп ұланғайыр қазақ елінің кең байтақ даласының әрбір аймақтарында, жер-жерлерде, сол жердің белгілі әншілерінің әнді орындау мектептері қалыптаса бастады. Әрбір әнші-жыршының өзінің «ән шақыратын», «ән бастайтын» белгілі бір шығармалары болды. Сөйтіп, олар ел алдына шығып өнер көрсетпестен бұрын, өздерінің дауысын ашуға септігін тигізетін әндерді таңдап ала білді. Халық арасында «дауысты бабына келтіріп алайын» дейтін сөз бар. Ондағысы, әрі қарай, «ұзаққа шабу» үшін, дауысты жаттықтырып алайын дегені. Дауыстың шаршамауы, оның әрі қарай жандана түсуі, әнді мәнерлеп орындай алуы үшін осындай «бабына келтірудің» өте үлкен маңызы бар (қазіргі ұғымға бұлвйттын болсақ, ол дауысты жаттықтыруға саяды(распевка)). Әрине, ата-бабамыздың өздерінің «дауысын бабына келтіретін» ән-жаттығулары бізге жетпесе де, солардың шығармалары арқылы дауысты қоя білуді жүзеге асыруды біз өз алдымызға мақсат етіп қойдық. Аздаған уақыттың ішінде дауысты жөнге келтіріп, оны ұзақ жылдар бойы сол таза, сыңғырлаған сау-саламатты күйінде сақтау, бізді ізденістерге алып келді.

Біздің дауыс қоюшы ұстаз ретіндегі ұзақ жылдар бойы тәжірибеден өтіп қалыптасқан әдіс-тәсілдеріміздің, осы салада жұмыс істейтін дауыс қалыптастырушы оқытушыларға, олардың белгілі бір нәтижеге қол жеткізуіне септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Дипазонды кеңейту үшін біздің алғашқы таңдап алған әніміз Естайдың «Құсни-Қорланы». Ол дауыс қоюға өте қажетті ән болып табылады. Диапазоны кіші секста аралығын құрайды. Оның үстіне бұл ән үлкен-кішінің бәрінің құлағында және әртүрлі дауыс категорияларының да «примарлық тондарын» қамтиды. Біз әдеттегідей қалыптасқан дәстүр бойынша әртүрлі жаттығулар жиынтығын жасамай, бірден осы әнді үйретуден бастадық, осы арқылы оның музыканы қабылдау, есте сақтау мүмкіндігін, дауыс бояуын, музыканы сезіне білу қабілетін анықтауға тырыстық. Әрі қарай дауысты қою жұмысы осы әнді айту, орындау негізіне байланысты жүргізілді.

#### Қорлан

Естай



Қандай «ашщы» дауыс болса да, ұсынылған ән айқайлап айтуға жол бермейді. Өзінің мазмұны, мәні жағынан сырлы, терең толғаныспен айтуды қажет етеді (4, 25). Қай дауыстағы әнші болса да, алдымен «до минор» тональдігінде жұмыс жүргізіледі. Дауыстағы барлық кемшілік (мұрынға дыбысты жіберіп айту, кейбір дауысты дыбыстарды қысып жіберу, сөздерін анық айтпау, тіл мүкістігі тағы басқа) осы жерде түзетілуі тиіс. Дауыс қоюшы ұстаздың күнделікті айналысып, бірақ оңайлықпен нәтиже шығара бермейтін жұмыстарын осы бір әннің көмегімен жеделдетуге болады. Мысалы, әнде кездесетін «екеуі туған екен бір анадан» деп айтылатын жолдардағы «туған екен» сөз тіркесін алайық. Егер шығарманы до минорда орындасақ, «туған» деген сөз бірінші октаваның ми бемоліне, ал «екен» сөзі сол октаваның «соль», «фа», «ми», «до» ноталарына түседі және «е» буыны мен «ке» буынының әрқайсысы екі дыбысты қамтиды. Дауыс қоюмен айналысатын ұстаздар біледі: «е», «и», «і», «ы» әріптерін емін-еркін айтудың өз қиындықтары бар, әдетте олар дауыстың қысылып шығуына әкеп соғады. Міне, осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, жоғарыда келтірілген «е-кен» буындарын дұрыс айтудың, дыбыстың қысылмай, еркін шығуына тәрбиелеудің өте үлкен маңызы бар. Бұл жерде, ешбір алдын-ала музыкалық дайындығы жоқ, вокалдық терминологияны әлі танып үлгермеген талаптанушының назарын «берген» деген сөздің «бер» деп айтылатын буынының дыбысталып тұрған жеріне назар аудару керек. Міне, қалған буындар дәл сол жерде айтылып, дыбыс сол алдыңғы буын сияқты түзілуі тиіс. Әрбір орындаушы «берген» деген сөзден кейін келетін «екен» буындарының «өз ұясына» дәл түсуін жіті қадағалауы керек. Вокалдық педагогика тілімен айтсақ, жоғарғы позицияны ұстап тұру керек.

Орындау барысында «берген» сөзіндегі «н» дауыссыз дыбысы «екен» деген сөздегі «е» дауысты дыбысына ауысады. Сонда орындау былайша үнделеді: бер-ге-не-е-ке-ен.

Алдыңғы кезде қарапайым секілді көрінетін осы бір жаттығу жалпы классикалық негіздегі әншіге болсын, басқа да бағыттарды ұстанған әншілерге болсын (халықи, эстрадалық) әнді, оның әуенін, әсіресе сөзін дұрыс айтуды қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы көрсеткен «Қорлан» әніндегі жолдарды меңгеріп алған соң, әр ән айтуға тәрбиеленуші осы сезімнен «адасып» қалмауын мұқият қадағалау керек. Сонда, бірте-бірте, біздің тамақ бұлшық еттеріміздегі орналасқан нерв талшықтары оны өздігінен басқарып тұратын болады.

Әнмен жұмыс барысында дәстүрлі дауыс қоюда талап етілетін дағдылардың бәрі кешенді түрде жүзеге асырылады. Бұл жерде оқытушы құлағы әрбір дыбысты қалт жібермей мұқият қадағалап, түзетіп, жаттықтырып отыруы қажет. Әрине, сол қателіктерді түзетуге қажетті сөздерді, қимылдарды дәл, нақты тауып, қолдана білу, студенттің оны сезінуі өте маңызды.

Біз жоғарыда айтып кеткендей, дауыс қою үдерісінде әлі күнге дейін эмпирикалық әдіс негізгі орында (сезіну, бұлшық еттердің сезінуі). Әрине, ол дегеніміз оқытушының дыбысты сезінуін студентке дәл солай қайталату емес. Өйткені, әркімнің оны қабылдауы, сезінуі әртүрлі. Оқытушы ән айтып тұрған адамның даусындағы өзгерісті жіті бақылап, дыбыс нақты, қажетті жерде пайда болған кезде соны айтушыға дұрыс түсіндіріп, студенттің өзінің сезінгеніндей етіп есте сақтауына қайта- қайта назар аударуы тиіс, сонда ғана сыңғырлаған әдемі, таза бояу пайда болып, әрі қарай сол қалпында сақталады. Дауысты ән айтқызу арқылы қою барысында созылатын буындарға ерекше назар аударылуы тиіс, өйткені дыбыстарды тұрақтандыруда олардың маңызы зор. Мысалы, өзіміз жоғарыда айтқан «Құсни- Қорлан» әніндегі ондай буындар мыналар:

Бір қыз бар ма-рал- ды- да Қорлы- ға-йың,

Таби- ғат берген е- кен күн мен а- йың.

Мұратқа із- де- ген жан бәрі жет- кен,

Дәри- ға арманым көп неғыла- йың.

Жұмысты бастаған сәтте бірден оны мәнерлеп айтуға тәрбиелей отырып, көп нәрсеге қол жеткізуге болады.

Бұл жерде өте мұқият болып, есте сақтайтын бір қағида бар. Ол – дауыс қоюмен айналысатын ұстаздың дыбыстардың орналасу ұясын дұрыс ести білуі. Әншілердің арасында мынадай сөз бар: «егер бір дыбысты он рет дұрыс айтпасаң, оны әрі қарай мүлде түзете алмайсың». Оның себебі, жоғарыда мысалға келтірілген нерв талшықтарының жұмысы. Әр айтылған сайын сол белгілібір дыбыс, ол дұрыс айтылсын, бұрыс айтылсын, бәрібір, рефлекс пайда бола бастайды, содан соң, біздің еркімізден тыс, дәл сол дыбысқа келгенде, қалыптасқан дағдыны көрсетеді де тұрады. Міне, сондықтан да, мұғалімнің есту құлағы дауыс қою үдерісінде өте маңызды рөл атқарады.

Әрі қарай диапазонды кеңейтіп, регистрлерді біркелкі әдемі жалғастыру үшін бұл өте маңызды.

Егер де осы буындар өздерінің түсуге тиісті орнына дұрыс түспесе (резонаторларда айтылмаса), ол қысылып шығады да, әрі қарай солай жалғаса береді. Осы өзіміз көрсеткендей, до минор тональдігінде «Құсни- Қорлан» әнін әдемілеп, мәнерлеп, дыбыстардың бәрін «теп- тегіс жұмыр келсін айналасы» деп ұлы Абай айтқандай, өз деңгейінде орындалды деген кезде, әрі қарай жарты тонға көтеріп, дәл сол дыбыс бояуын сақтап айтқызып көруге болады. Бұл тональдікте де «сәтті» орындалса әрі қарай тағы да жарты тонға көтеріп орындатып көруге болады; солай, белгілібір деңгейге дейін көтеріп, қайтадан бұрынғы бастаған до минорымызға қайтып келеміз.

Айта кететін нәрсе – оқытушы диапазонды кеңейтуге мүлде асықпауы керек. Әрбір ән айтуға талаптанушының дауысындағы жеке ерекшелігін ескере отырып, оның диапазонындағы әдемі, табиғи, ешбір артық күш жұмсамай айтылатын дыбыстарды таңдап алып, сол төңіректе жұмыс жүргізген дұрыс. Айтылатын ән де, жаттығулар да әркімнің дауысындағы жеке ерекшелігіне байланысты таңдалуы тиіс. Міне, осы жұмысты жүргізу барысында екінші кезеңдегі көрсетілген қазақ тіліндегі орфоэпия заңдылықтарына ерекше назар аудару, осыған сүйене отырып, дыбыстарды жоғары позицияға шығара алуды меңгерту мәселелері тікелей сабақтаса жүргізіліп отырады.

Осы заңдылықтарды білмейінше сөзді дұрыс жеткізу, әнді мәнерлеп айтуға дағдыландыру жүзеге аспайды. Алдағы сөз қозғалған екі кезең бойынша жұмыс істеу барысында дұрыс тыныс алу үдерісі де, мәнерлеп орындауға баулу да өз кезегінде жүзеге асып жатады. Бірақ студенттің назары оған ерекше аударылмайды. Шығарма арқылы оның дұрыс жұмыс істеуі жүзеге асырылады. Орындалатын ән резонаторда айтылып,

шықшыт дұрыс ашылып, академиялық мәнерде ән айтудың алғашқы дағдылары қалыптаса бастаған кезде ғана тыныс алу мүшелерімен, оларға қатысты ережелермен таныстыра бастауға болады. Бұл кезде әрине студенттер оның теориялық негіздерімен танысуға, оны түсініп қабылдауға біршама дайын болады.

Алғашқы сабақтан бастап, ән сөзін дұрыс бөлуге ерекше назар аударылады. Бұл – қазақша бөлу, қазақша орындау. Халық әншілері, сал-серілер, жыршылар әннің сөздерін буындарға бөлуде, осындай тәсілдер қолданған, сол кезде әннің сөзі де түсінікті, анық, айқын, дыбыстың желісі де өте әдемі ешбір «кедір-бұдырсыз» сазды естілетін. Қазіргі кезде де дәстүрлі әншілер буындарды осылай бөліп айтады, бұл тәсілді біз назарға алуға тиіспіз. Әрбір айтылатын дыбысты резонаторда сезінудің өте үлкен маңызы бар, бір рет дыбыстың резонаторда орындалуын саналы түрде түсінген студент (әнші, талапкер, оқушы, т.б.) оның қаншалықты ыңғайлы екенін біледі, солай айтуға талаптанады.

Біздер, дауыспен жұмыс істеуші ұстаздар, ғасырлар бойы халқымыздың ән айту мәдениетінде қалыптасқан, буындарды осылайша бөліп айтқызу дәстүрін қазіргі академиялық тұрғыда дауыс қою үдерісіне қайтаруымыз керек. Әрине, ол үшін соңғы 70-80 жылғы бұл саладағы қалыптасып қалған буындарды айтуға дағдыландыру жүйесіне де бірталай өзгерістер енгізу қажеттігі туындайды. Біздің бұл тәжірибемізді қолдайтындар да, қолдамайтындар да баршылық. Себебі, әбден сіңімді болып қалған «сүрлеумен» жүру жеңіл болып көрінеді, біздердің ұсынып отырған тәсіліміз бойынша дауыс қалыптастыру үдерісін әлдеқайда тездетуге болады және ең алғашқы сәттен бастап-ақ, дыбыстардың орналасу «ұясын» дұрыс тауып, бекітуге септігін тигізеді.

Қорытындылай келе айтпағымыз, дауыс қою мәселелерінің шешімі тек үздіксіз жүргізілетін жеке сабақтарда қалыптасатын дағдылар арқылы жүзеге асады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. М.Ахметова. Қазақ әндері. “Жазушы” баспасы, Алматы. 1970ж
2. Р.Дюсембінова. Қазақтың әншілік өнері. Алматы, 1998ж. Республикалық баспа кабинеті. 13 бет
3. Ав.Эйхгорн. Музыкальная фольклористика в Узбекистане. Ташкент, 1964, 58стр.
4. Қарамолдаева Д.О. Вокалды-хор тәрбиесі. Алматы 2009

### **ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СФЕРЕ ИСКУССТВА И ПЕРСПЕКТИВЫ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ.**

**Арзиев З. З.,**

доцент КазНАИ им. Т.К.Жургенова, г. Алматы, Казахстан

[zufar.arziev\\_rezk65@mail.ru](mailto:zufar.arziev_rezk65@mail.ru)

**Түйін сөз:** Мәдени мұраны сақтауда, қалыптастыруда және одан әрі дамытуда, тұлғаның рухани өзін-өзі тануы процесінде көркемдік білімнің маңызы зор. Ол толерантты сананы қалыптастыруға, жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдауға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар адамға өзге мәдениеттер әлеміне бірігуге, өзінен басқа тұлғалардың маңыздылығын түсінуге және қабылдауға көмектеседі. Үздіксіз білім беруді жетілдіру аясында өнер және жалпы педагогиканың мақсатын дәл қалай айқындайды деген түсінік бар.

**Аннотация:** Существенное значение в сбережении, формировании и дальнейшем развитии культурного наследия, в процессе духовного самоосознания личности, имеет художественное образование. Оно не только способствует формированию толерантного сознания, восприятию общечеловеческих ценностей, но и помогает человеку интегрироваться в миры иных культур, понимать и воспринимать значимость других

личностей, отличных от себя. В рамках совершенствования непрерывного образования, такое понимание как никак более точно определяет цели искусства и, в целом, педагогики.

**Annotation:** A significant importance in the preservation, formation, and further development of cultural heritage, in the process of spiritual self-awareness of an individual, is an art education. It not only promotes the formation of tolerant consciousness and the perception of universal values, but also helps a person integrate into the worlds of other cultures, understand and perceive the significance of other personalities that are different from themselves. As part of the improvement of sustained education, such an understanding in no way more accurately defines the goals of art and, in general, pedagogics.

**Кідт сөздер:** мәдениет, өнер, көркемдік білім, үздіксіз білім, аспектілері, болашағы, жетілдіру.

**Ключевые слова:** культура, искусство, художественное образование, непрерывное образование, аспекты, перспективы, совершенствование.

**Key words:** culture, art, art education, continuous education, aspects, prospects, improvement.

Система образования в Казахстане с 2016 года претерпела существенные изменения в контексте совершенствования непрерывности процесса получения профессиональных знаний. Данные изменения обусловлены возрастающей динамикой развития науки и техники, глобализацией информационных технологий. От современного человека требуются повышенная активность, мобильность и высокая результативность, способность к быстрой обучаемости, смене профессиональной ориентированности, к освоению технологий и темпов их развития.

Все это существенно изменило требования к школьному обучению и профессиональной подготовке в вузах. Эффективность индивидуума определяет не количество полученных им знаний, а разнообразие умений и навыков, которыми он овладел, и возможностями их применения.

Система непрерывного образования [1, с.168] в Казахстане опирается на имеющийся отечественный опыт, с одной стороны, и тенденции, и перспективы развития национальной системы образования, с другой. В области культуры и искусства она базируется на уже сформировавшейся структуре многоуровневой системы подготовки кадров и предполагает, что учебная деятельность на протяжении всей жизни, начиная с дошкольного возраста и заканчивая постпенсионным, включает в себя как формальное, так и неформальное, а так же информальное [2, с.155] обучение.

Кроме того, разработанной Национальной рамкой квалификаций (НРК), которая задана аналогично Европейской рамке, определены требования к уровням полученных знаний, умений и навыков, а также личностных и профессиональных компетенций.

На основании 8 уровней Национальной рамки квалификаций формируются Отраслевые рамки квалификаций в каждой из профессиональных сфер. На первом уровне находятся работники, получившие начальное образование и не имеющие навыков работы, на последнем – управленцы, либо профессионалы высшей квалификации. Надо заметить, что не все профессии имеют 8 уровней квалификации, также, как и не все профессии начинаются с 1 уровня.

Таким образом, развитие Национальной квалификационной системы [3, с.35] способствует формированию единой системы подготовки кадров, в которую вовлекается вся система образования и обучения граждан, а также работодатели и непосредственно сами работники.

Система непрерывного образования в нашей стране ориентирована на целостное развитие человека как личности, в процессе ее деятельности и общения на протяжении жизни, на повышение возможностей трудовой и социальной адаптации, в быстром меняющемся мире; имеет целью развитие способностей каждого человека, его

склонностей и возможностей, в том числе в плане самосозидания и разностороннего саморазвития [4].

Содержание непрерывного образования в сфере искусства ориентируется на опережающее отражение проблем развития общества, науки, культуры, других, смежных с искусством, сфер социальной практики; предполагает преемственность и разнообразие в выборе форм общего и профессионального образования, что требует, в свою очередь, упорочения первооснов, усиления внимания к методологическим аспектам образования.

Педагог в области искусства не просто передает обучаемым профессиональные навыки и знания, но также выполняет функции организатора учебного процесса, на деле обеспечивая развитие индивидуальных качеств студентов. В педагогическом процессе непрерывного образования главными становятся активно - творческие методы обучения, основанные на самостоятельной деятельности студента, именно практического характера. Педагог задается целью дать не просто знания, но и показать пути их самостоятельного получения. Процесс обучения происходит таким способом, что каждый обучающийся имеет возможность двигаться вперед своим темпом, осваивая необходимое содержание и технологии в соответствии с государственным образовательным стандартом.

В результате должна быть достигнута задача, поставленная перед педагогами в рамках внедрения непрерывного образования – сформировать постоянно развивающуюся личность, способную к универсальной деятельности, обладающую зрелыми познавательными запросами, духовными потребностями и способную самостоятельно их удовлетворять.

Система образования в сфере культуры и искусства предполагает следующие обязательные уровни подготовки профессиональных кадров: детская школа искусств (по видам искусств), являющаяся необходимой базой и фундаментом будущего профессионального образования; училище или колледж искусств – образовательные учреждения среднего профессионального образования, дающие выпускнику альтернативные возможности, в частности, работать по приобретенной специальности или продолжить обучение в высшем учебном заведении.

При этом для театрального, музыкального, хореографического и изобразительного искусств среднее профессиональное образование является необходимым уровнем образования; высшее учебное заведение культуры и искусства, в котором повышается уровень профессиональных умений и навыков, уже полученных на предшествующем уровне образования.

Таким образом, особенностью образования в сфере культуры и искусства является его многоступенчатое освоение в течение 15-18 лет. В нашей стране современный уровень непрерывного образования в сфере искусства как раз и реализуется по установившейся схеме: среднее образование – профессиональное образование – высшее образование плюс академическое послевузовское образование.

При этом, значительно возросло значение индивидуализации обучения, то есть трансформации способа обучения, как получения профессиональных навыков и знаний, до уровня обучения, способствующего развитию индивидуальных творческих дарований обучающихся и умению их самосовершенствовать.

Особенно остро это проблема стоит применительно к сфере искусства, так как становление мастера - процесс индивидуальный. И в этих условиях специфика образования и значимость в ее процессе творческих вузов возрастает, их роль заключается в создании системы непрерывного дополнительного образования, охватывающую все возрастные группы, от старших дошкольников до студентов. Именно вуз формирует траекторию развития данной системы, обеспечивает и индивидуализацию обучения, и успешную социализацию своих выпускников.

В Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова в настоящее время процесс подготовки работников сферы искусства в рамках непрерывного образования поставлен на принципе преемственности. Именно в искусстве, в особенности



в условиях театрального образования, преемственность играет лидирующую роль в становлении профессионала, личности, как хранителя традиций национальной школы актерского мастерства. В течение процесса обучения студент впитывает методические установки своего мастера - педагога с тем, чтобы впоследствии самому передавать эти знания в будущем: в театре или же продолжать совершенствовать их в академии.

Следует заметить, что в процессе непрерывного образования ситуация, когда обучаемый может быть вовлечен в процесс обучения на любом из его этапов, фактически невозможна в сфере музыкального образования.

Прежде всего, нужно отметить то обстоятельство, что для изучения дисциплин с точки зрения фундаментальности, необходимы условия, когда музыкант имеет крепкую начальную подготовку на уровне музыкальной школы. Тут важно не только владение инструментом или голосом, а также наличие серьезной теоретической подготовки и наличие интеллектуального потенциала.

Преподаватели вузов сферы искусства сегодня все чаще сталкиваются со слабой музыкальной подготовкой выпускников музыкальных школ – не только музыкальных, исполнительских навыков, но и владения музыкальным инструментом, а порой и недостаточным интеллектуальным развитием поступающих. Это те составляющие, без которых дальнейшее образование бывает весьма затруднено, и даже невозможно. Для профессионала - музыканта крайне важно, чтобы вся вертикаль музыкального образования была строго ориентирована на современные требования музыкальной педагогики, а также отвечала требованиям стандартов.

Сложившаяся система отечественного профессионального образования в сфере культуры и искусства по праву занимает сегодня одно из ведущих мест в мире. Прохождение всех уровней непрерывного образования важно, прежде всего, для музыкальных специальностей.

Для решения вопросов совершенствования подготовки работников сферы искусств в условиях непрерывного образовательного процесса, продиктованных реалиями современного социально - экономического развития нашего государства, необходимо обратить внимание на такие аспекты, как исследование проблемы непрерывного образования педагогов, которое до сих пор не подвергнуто специальному научному анализу и вследствие чего не создана система непрерывного педагогического образования.

Кроме того, вузам важно патронировать имеющиеся школы искусств, колледжи театральные, музыкальные школы в плане внедрения образовательных программ среднего звена, организации и проведения совместных творческих проектов. Однако практика свидетельствует, что такое взаимодействие затрудняется разобщенностью этих учреждений, их самоуправлением.

В результате в последние годы, в связи с демографической ситуацией и рядом сопутствующих проблем, наблюдается отсутствие конкурсной ситуации в учреждениях среднего профессионального образования и не только в сфере искусства. Образовательным учреждениям второго уровня профессиональной подготовки специалистов сферы искусства ничего не остается, как набирать абитуриентов со слабой базой, что отражается на уровне образования. В итоге академия, вуз получает слабого выпускника колледжа.

Отсюда вытекают задачи и перспективы совершенствования непрерывного образования в сфере искусства: реализация мероприятий по сбережению национальной специфики образования в сфере культуры и искусства, материальное стимулирование лучших работников сферы, развитие материально - технической базы образовательных учреждений, повышение эффективности и качества образования, социального статуса, возможности профессионального роста педагогов и работников образовательных учреждений культуры и искусства, рост конкурентоспособности профессионального образования в сфере культуры и искусства.

Совершенствование и приведение к единому стандарту образовательных программ в сфере искусства в рамках непрерывного образования становится важным условием повышения качества образования. В условиях постоянно меняющейся социальной и политической ситуации в стране, предпочтений работодателей, экономического кризиса молодой специалист как среднего, так и высшего уровня подготовки должен чувствовать себя уверенно. И в этом ему могут помочь образовательные учреждения, где ему дадут качественное конкурентоспособное образование. Ведь только в непрерывности любых процессов может осуществляться преемственность, как залог сохранения традиций и ценностей во всех смыслах.

#### Список литературы:

1. Бим-Бад Б. М. Педагогический энциклопедический словарь. М.:, 2002.
2. Вершловский, С.Г. Непрерывное образование: Историко-теоретический анализ феномена: Монография / С.Г. Вершловский. – СПб.: СПб АППО, 2008.
3. Программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2008.
4. Захарченко М.В. Генезис непрерывного образования как философско-исторического понятия // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №5; URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=25160> (дата обращения: 10.10.2019).

### ФЕСТИВАЛЬДІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ БОЛАШАҚ ТЕАТРАНУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

**Жаксылыкова М. Б.,**

Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Алматы қ., Қазақстан, [topjargan@mail.ru](mailto:topjargan@mail.ru)

**Түйін сөз:** Мақалада болашақ театранушыларды даярлаудағы білім берудің өзекті мәселелері қарастырылады. Автор маман тәрбиелеудегі фестивальдік қозғалыстың алатын маңызды роліне баса көңіл аударған. Фестивальдік қозғалыстың еліміздегі замануи театрлық үдерістің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар, оны студенттердің өз пікірлерін айтып, жан-жақты көпшілік алдында сөйлеуге машықтанатын құрал ретінде бағалайды.

**Анотация:** В статье рассматриваются актуальные проблемы образования будущих театроведов. Автор уделяет особое внимание на фестивальное движение и их роли в воспитании специалистов-театральных критиков. Фестивальное движение оценивается не только как показатель современного театрального процесса в стране, но и как инструмент, с помощью которого студенты учатся навыкам публичного выступления и высказыванию своей точки зрения.

**Abstract:** The article deals with the actual problems of education of future theater critics. The author pays special attention to the festival movement and their role in the education of theater critics. The festival movement is evaluated not only as an indicator of the modern theatrical process in the country, but also as a tool through which students learn the skills of public speaking and expressing their point of view.

**Кілт сөздер:** театр өнері, Қазақстан, спектакль, фестивальдік бағыт, режиссура, актерлік өнер, театр сыны.

**Ключевые слова:** театральное искусство, Казахстан, спектакль, фестивальное движение, режиссура, актерское искусство, театральная критика.

**Keywords:** theatre arts, Kazakhstan, performance, festival movement, directing, acting, theatre criticism.

Қазақстанның білім саласы мен ғылымы, көркемөнері жан-жақты қуат алып, дамудың жаңа сапалық сатысына көтеріліп отыр. Әлемде өтіп жатқан технологиялық төңкерістер, ақпараттық тартыс заманында осынау үдістерден қағажу қалу, әрине, мүмкін де емес. Дөңгеленген дүниенің дүбірінен қалсақ халқымыздың ілгері жылжу мен қарыштап дамуы күмәнді. Заманның түлкіше құбылуы, тазы болып шалуды мақсат еткендей.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі – Баллон үдерісіне көшіп, ұрпақ тәрбиелеудің тың тәсілдеріне ауысып жатыр. Білім беру саласының жаңа заңдармен толығып, тек білімді ғана емес, сонымен қатар жан-жақты құзыретті маман даярлау бірінші орынға шығып отыр. Сондықтан білім алушыларға білім беру ғана емес, олардың жұмыс орындарына, яғни өндірістерге барғанда тосылмай-тосырқамай жұмысқа батыл араласып кетуі үшін тәжірибе түріндегі пәндерді көбейту көзделді. Теория мен тәжірибені ұштастыра білім беру – бүгінгі күннің талабы. Қазақстанның халық артисі, режиссер, профессор М.Байсеркенов: «теория – практиканың ізін баспай, ілгеріден төбе көрсетіп оқ бойы озық тұрса, бағыт-бағдар сілтеп, көркемдік жол нұсқаса ғана өзінің ілімі міндетін адал атқарып шықса керек. Өйткені, теория – практика жемісін саралап, тәжірибесін салмақтайтын таразы құбылыс», [1, 7-8б.] – деген екен өзінің «Сахна және актер» деп аталатын кітабында. Қазақ театр өнері мектебінің негізін салушы, ұлағатты ұстаздың сан жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінің нәтижесінде пайымдаған осынау орайлы ойларымен келіспеуге болмас. Сауатты теория мен озық тәжірибені ұштастыру театр мектебінде білім алатын болашақ мамандарды даярлауда таптырмайтын әдіс екені рас. Осы ретте, сахна мамандықтарының бірі саналатын театртанушыларды тәрбиелеудің де жаңа, тың тәсілдерін іздестіру маңызды.

Театртанушы мамандығын даярлауда оқытылатын ең негізгі пән – «Театр сыны» болып табылады. Бұл пәннің басты мақсаты театртанушының жазбаша және ауызша қабілеттерін жан-жақты ашуға бағытталған. Көп жағдайда, аудиториялық қатынас сағаттарында студенттер алдын-ала жазып, даярлап келген мәтіндерімен жұмыс жасауға мүмкіндіктері болады. Сондықтан олар тұтқиылдар сөз тауып, тосыннан ой өрбітуге даяр бола бермейді. Егер театртанушының бір қыры – сыншылығы десек, қазір көрген спектакліне, қойылым біте салып пікір білдіру аса күрделі міндет. Тіпті, кейбір белгілі деген театр сыншыларының өзі жиылған жұртшылықтың алдында топжарып сөйлеуге батылы бара бермейтін кезеңдерді басынан өткеріп жатады. Сол себепті де театртанушы боламын деген студенттерді ерте кезден суырылып ортаға шығып, өз ойларын көркем тілмен жеткізе алуға баулу керек. Түйдектелген теория ғана емес, бұл жерде тәжірибенің де орны маңызды.

Театртанушылардың тәжірибе жинақтайтын бірден бір кезі – театрлық фестивальдерге қатысу болып табылады. Қазіргі таңда елімізде фестивальдік қозғалыс кеңінен бой көрсетіп келеді. Әр аймақтың, әр облыстың өз фестивалі бар. Көрнекті театртанушы-ғалым Сәния Қабдиева: «Республиканские фестивали дают возможность выявить состояние театрального процесса в Казахстане. Каждый год театры со всей страны показывают свои лучшие спектакли. Некоторые труппы приезжают ежегодно, другие раз в несколько лет. В любом случае зритель получает реальную картину общей театральной ситуации», [2] – деген сөзінен театрлық фестивальдердің бүгінгі сахналық өнердің шынайы келбетін байқауға мүмкіндік беретіндігін көреміз. Сол себепті, болашақ театртанушының тікелей сахналық үдеріске араласуына фестивальдердің тигізер ықпалы мол екенін байқаймыз.

Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының шығарған «Қазақстанның замануи театр үдерісіндегі фестивальдің халықаралық байланыс ретіндегі ролі» атты

ұжымдық монографиясы фестивальдік бағыттың басты тенденциялары мен ізденіс жолдарынан мол хабар береді. Жобада «қоғамдағы шынайы қарым-қатынастар мен көркем шығармашылық байланыстарды бекітуде фестивальдер орнататын атмосфера, диалог және дискуссия алаңы ретінде қарастырылуы» [3, 4 б.] бекер емес. Фестивальдік бағыттар сахна өнерін дамытудың ең тиімді және кең таралып келе жатқан формасы. Ең бірінші ол – «сапалы көркем дүниемен бөлісу мен халықаралық шеңберде қарқынды әрекеттесуде бірлескен ортақ мәдени кеңістік тудыра отырып, коммуникация мен жаһандану үрдісінің талаптарына сәйкес келеді» [3, 4 б.]. Екіншіден, халықаралық фестивальдер өзге ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті мен тереңнен сыр тартқан тарихына деген толерантты көзқарасты, сахна дәстүрлерін дәріптейтін немесе оларға деген тың ойды көрсететін алаң. Үшіншіден, республикалық театр фестивальдері ұлттық мәдениетіміздің даму барысын бағамдауға көмектеседі. Осылайша, үлкен сұранысқа ие болып отырған фестивальдік қозғалыстар болашақ мамандарды даярлауда оқытушылардың назарынан тыс қалып қоймауы тиіс.

Жалпы, фестиваль сөзі француз тілінен аударғанда «көпшілік мейрам», «көрсетілім», «өнердің ең таңдаулы жетістіктерін көрсету» [1, 644 б.], – дегенді білдіреді. Олай болса, театр фестивалі сахна өнерінің озық спектакльдерінің байқауы дегенге саяды. Біз фестивальдердің арғы-бергі тарихын зерттеуді көздемейміз. Дегенмен, театр фестивальдерінің мәдени-эстетикалық ролі туралы өнертану докторы, профессор Б.Құндақбайұлының, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Сығайдың, өнертану кандидаты, профессор А.Н. Қадыровтың, қазіргі таңда театртанумен шұғылданып жүрген өнертану докторы, профессор Б.Нұрпейіс, өнертану кандидаттары А.Мұқан, А.Еркебай, З.Исламбаева, т.б. әр жылдары жазған сыни мақалаларынан да байқауға болады.

Жалпы, бүгінгі таңда театртану немесе театр сыншысының атқаратын басты қызметі фестивальдердің көрсетілімдік бағдарламасын құру болып табылады. Әр фестивальдің форматына, тақырыбына, жіктелуіне сай спектакльдерді іріктеу, тандап алу құқығы бүгінде театртанушы мамандардың қолына өткені белгілі. Сол себепті, бүгінгі түлек ертеңгі маман десек, онда болашақта академиядан ұшып шыққан бітіруші фестивальдік бағдарламаны құра білу құзыреттілігі болуы маңызды.

Ал, білім беру үдерісінде фестивальдік қозғалысты студенттің көрген қойылымының көркемдік деңгейі жайында ой-пікір білдіруімен ұштастыруға болады. Біріншіден, фестивалге еліміздің әр аймағынан келген театр ұжымдары топтастырылады. Олардың басы бір жерде тоғысып тұрғанда студенттің сол қойылымдарды көріп алу мүмкіндігі туады, себебі қандай да бір көркемдігі биік спектакльді облысқа немесе өзге мемлекетке арнайы барып көрудің сәті де түсе бермейді. Сондықтан үздіктер бәйгеге түскен жерде салыстырмалы тұрғыда ой қозғауға да мүмкіндік мол. Екіншіден, фестивальдік қозғалыстар үдерісінде өткізілетін шеберлік сыныптардың да берері көп. Арнайы мамандардың, атап айтқанда, режиссерлер мен актерлердің, театртанушылар мен суретшілерінің жүргізетін тәжірибелік немесе дәрістік сағаттары жас білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге септігін тигізеді. Үшіншіден, фестивальдік қозғалыс, болашақ маманның өзі жұмыс жасауға ниет білдірген театрдың шығармашылығымен немесе танып-білгісі келетін суреткер тұлғалармен кеңінен танысуға қолайлы жағдайлар береді.

Ең маңыздысы сол, фестивальдік қозғалыстар халықаралық деңгейде ғана емес, аймақтық деңгейде де танымал болып келеді. Оның үстіне фестивальдердің палитрасы да әр түрлі. Оларды жіктеп көрсек, мысалы, ауқымына байланысты: дүниежүзілік немесе халықаралық, республикалық және аймақтық деп қарастыруға болады. Сондай-ақ, драма театрларының фестивалі, кіші формадағы спектакльдер фестивалі, моноспектакльдер фестивалі, актерлерге арналған фестиваль, жас режиссерлерге арналған фестивальдер, қуыршақ театрының фестивалі, т.б. бөліп қарастыруға болады. Сондықтан студент өзіне қажетті өнер бәйгесіне арнайы баруына мүмкіндігі мол.

Қорыта айтқанда, «Театр сыны» пәнін оқытуда фестивальдік қозғалыстардың маңызды орны бар екенін байқадық. Сондықтан болашақ театртанушы мамандарды даярлауда фестивальдерді арнайы барып, көріп, қағаз бетіне түсіру уақытылы жүзеге асып тұрғаны жөн. Студенттер қазылар алқасының спектакльдерге айтылған сын-пікірлерін тыңдай отырып, қалай сөйлеуге болатындығына, қалай ой айту керектігін үйреніп, машықтанады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Байсеркенов М. Сахна және актер. («Станиславский жүйесі» әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 336 б.
2. Қазақстан халқының сахна өнері. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 520 б.
3. Қазақстанның заманауи театр үдерісіндегі фестивальдің халықаралық мәдени байланыс ретіндегі ролі.– Ұжымдық монография. – Алматы: «Принт-экспресс», 2017. – 402 б.

## ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ ОРНЫ

**Еркебай А.С.,** Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті,  
өнертану кандидаты, Email: aerkeбай@bk.ru

**Түйін сөз:** Мақалада мүмкіндігі шектеулі жандарға өнердің белсенді өмір сүруіне тигізетін әсері қарастырылады. Әлеуметтік машықтануда арт-терапияның түрлі тәсілдерінің психологиялық маңызы шығармашылық қабілеттерін дамыта түсетіні айқындалған. Соның ішінде театр терапиясының мүгедектердің тұлғалық ерекшеліктеріне пайдалы әсері теориялық негіздермен ашылған.

**Аннотация:** В статье рассматривается влияние искусства на образ жизни людей с ограниченными возможностями. Выясняется, что в социальной реабилитации психологическое значение различных форм арт-терапии развивают их творческие способности. В том числе теоретически обосновывается благотворное влияние театротерапии на личностные особенности людей с ограниченными возможностями.

**Abstract:** The article discusses the impact of art on the lifestyle of people with disabilities. It turns out that in social rehabilitation, the psychological significance of various forms of art therapy develops their creative abilities. Including theoretically, the beneficial effect of theater therapy on the personal characteristics of people with disabilities is justified.

**Кілт сөздер:** өнер, мүмкіндігі шектеулі жандар, арт-терапия, театр терапиясы.

**Ключевые слова:** искусство, люди с ограниченными возможностями, арт-терапия, театротерапия.

**Key words:** art, people with disabilities, apt therapy, theater therapy.

Өнер – дүние тану тәсілдерінің бірі, ол болмысты тұтастай ғана емес, нақтылаған нәзік айшықтармен көрсетеді. Бұл кез-келген адамның дүние танымын, руханиятын және сезімталдығын қалыптастыратын орта. Өнер – танымдық-сезімдік және тәрбиелік бірліктің көрінісі. Яғни өнердегі таным мен тәрбиенің үйлесімді қатынасы адамның өз тіршілігінің мәнін түсінуі, оның жеке басының жан-жақты дамуы үшін қажетті фактор болып табылады.

Адам мүгедек болып қалғандағы төтенше жағдай оның рухани қуатын арттырады және тығырықтан шығуына жол сілтейді. Тығырықтан шығудың мұндай жолы өнермен шұғылдану. Өнердің қуатты күші адамды сұлулық пен мінсіздікке жетелейді және мұнды

ойлардан сейілдіреді. Шығармашылықтың өмірлік маңызы бар түрлі қасиеттерді жетілдіретін, адамның жеке басының бағасын арттыратын, көркемдік қырын ашатын, қарым-қатынас дағдыларын дамытатын, белсенді өмірлік көзқарасын қалыптастыратын ғажап білімдік және шипагерлік күші бәрімізге белгілі.

БҰҰ-ның мәліметтеріне қарағанда, жер бетінде тұратын әр оныншы адам мүгедек. Бұдан тыс, Бүкіләлемдік денсаулық ұйымының (БДҰ) мәліметтеріне сәйкес, әлемде 20% баланың психикалық нормадан паталогиялық емес шектегі ауытқушылықтары бар. Сондықтан дені сау адамдардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарасы, қарым-қатынасы өте өзекті мәселе болып отыр.

Өзіміздің ресми мәліметтеріне сүйенсек, бүгінгі таңда елімізде 563 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрады, бұл жалпы халқымыздың 3 пайызын құрайды. Оның ішінде 58 мыңы мүгедек балалар. Әрине олардың тағдыры әртүрлі, біреулері туа бітті кемтар атанса, енді біреулері тағдырдың тәлкегін басынан кешіріп отыр. Ал, осындай адамдарға қамқорлық көрсету – қоғамның үлкен парызы. Бүгінде мүгедектік және мүгедектерді әлеуметтік қолдау ұғымы өзгеріп, жаңаша іске асыру қолға алынды. 2015 жылы Қазақстан мүгедек адамдардың құқығы туралы Конвенсияны ратификациялады. Соған сай, мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес міндеттерді қолға алды. Сонымен қатар, «ҚР мүгедектердің құқығын қорғауға қатысты заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» заң және 2012-2018 жылдар аралығында мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау және өмір сапасын жақсарту мақсатында бағдарлама қабылданды. Яғни, егер бұған дейін Үкіметтің алдында тек әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеу мәселесі ғана тұрса, қазіргі таңда бұл міндеттің ауқымы кеңейіп, мүгедектерді оңалту, оларды қоғамға кіріктіру мәселелерін де қамтиды.

Оларды қоғамдағы тіршілік жағдайларына әлеуметтік машықтандыру және машықтарын қалпына келтіру мәселелері қазіргі қоғамның маңызды және өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген қатынастағы елеулі өзгерістерге орай, соңғы кезде аталған мәселенің маңызы ерекшелене түскендей. Мүгедектік мәселесі тұтастай қоғамның мәселесі ретінде қарастырыла бастады. Соның ішінде әлеуметтік машықтану немесе қоғаммен қосылу – адамның түрлі әлеуметтік әдістер көмегімен өзгермелі ортаға белсенді түрде дағдылану үрдісі болып табылады. Өйткені дұрыс әлеуметтік дағдыланудың көрсеткіші жеке адамның аталмыш ортадағы жоғары әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ оның осы ортаға тұтастай қанағаттануы болып табылады.

Қазіргі кезде әлеуметтік машықтану мен машықтарды қалпына келтіру барысында арт-терапияны қолданудың мол тәжірибесі бар. Әлеуметтік терапия мен психотерапия тәжірибесінде арт-терапия мейлінше кең тараған тиімді бағыт болып отыр. Нақтылап айтсақ, арт-терапия әлеуметтік-психологиялық технология ретінде әлеуметтік машықтану мен машықтарды қалпына келтірудің тұтастай кешенді міндеттерін шешуде үлкен роль атқарады. Шығармашылық тәсілдер мен бағыттар қатарына жататын арт-терапия, әлеуметтік жұмыста әлеуметтік терапияға кіретін инновациялық технология болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда мыңдаған мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады. Олардың көбі талапты, қалағанына қол жеткізуге ұмтылатын адамдар. ҚР Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың халыққа арнаған «Мәңгілік ел» жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам өмірінен тысқары қалып қоймауын, оларға қолдан келетін барлық жағдайды жасау қажеттігін айрықша ескерткен болатын. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі жандар арасында түрлі байқаулар мен фестивальдер жиі өтіп жүр. Бұл ерекше жандардың өз ойын жеткізу құралы болып табылатын шығармашылықтарына тосырқап қарамай, аяушылық танытпай, керісінше мейірім-шапағатпен қарап, лайықты бағалаған жөн болар. Өнердің құдіреті сонда – адамдарды бөліп-жармайды. Осы жандар арқылы отандық өнер толыға түсіп, дамуда. Театр, кино, музыка, бейнелеу өнері және әдебиет – адамның рухани жан дүниесін паш етеді. Мұндай іспен шұғылдану мүмкіндігі шектеулі

жандар мен сау адамдар арасындағы шекті жойып, бір ықпалдастықта болуға әкеледі және қайғы-мұннан арылтатын терапия да бола алады.

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдармен арт-терапия бағытында жұмыс жасау күннен күнге артып барады. Арт-терапия (ағылшын тілінен art – өнер, therapy – терапия, емдеу, күтім жасау, қамқорлық) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі.

«Арт-терапия» ұғымын 1938 жылы суретші Адриан Хилл санаторийдегі туберкулезбен ауыратын аурулармен жұмыстарын суреттеу кезінде енгізген. Бұл әдіс АҚШ-та екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік лагерьлерден әкелінген балалармен жұмыс жасауда қолданылған. Арт-терапия өзінің даму кезеңдерінде З.Фрейд, К.Г.Юнгтың психоаналитикалық көзқарастарын байқатады. Науқас адамның көркемдік іс-әрекеті (сурет, мүсін, инсталляция) оның ұғынылмайтын психикалық процестерін бейнелейді. 1960 жылы Америкалық арт-терапиялық ассоциация құрылды [1].

Арт-терапия адамның бейнелеу қызметінде және психотерапевтикалық қатынастарында әртүрлі денсаулығы шектелген, көңіл-күй және жүйке бұзылушылықтары бар адамдарды психологиялық түзету, алдын алу, қалпына келтіру және дағдыландыру үшін қолданылатын психологиялық тәсілдердің жиынтығы болып табылады. Арт-терапиялық тәсілдердің айрықшалығы арт-терапевт түйсіктен тыс материалмен жұмыс істейтінінде. Арт-терапия көңіл-күй, ішкі өмірлік қуаттарды жандандыру аясындағы, сондай-ақ психологиялық соматикалық мәселелері бар әлеуметтік психологиялық жұмыстағы күрделіліктерді шешуде тиімді.

Арт-терапия өзінің дене және психикалық ерекшеліктеріне байланысты көбіне әлеуметтік тұрғыдан тіршіліктен тыс қалған, әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға қатысуы шектеулі адамдарға көмекке келеді. Шығармашылық тәжірибе, өзін-өзі түсіну, жаңа машықтар мен дағдыларды дамыту бұл адамдарға қоғам өміріне белсенді және өз бетінше араласуға мүмкіндік береді, олардың әлеуметтік және кәсіби таңдау жасау кеңістігін кеңейтеді. Шығармашылықпен айналасудың арқасында қиялдау, түйсіну арта түседі, ақыл-ой дамиды. Сондай-ақ адамның жеке басының өсу қажеттілігін, туындатушылық мүмкіндіктерін ашу мен кеңейтуде маңызды роль атқарады.

Арт-терапиялық қызметтің басты мақсаты денсаулығында шектеулілігі бар адамдардың психологиялық және әлеуметтік аяда жағымды өзгерістерге қол жеткізуі болып табылады. Арт-терапия ширығысты шешуге, ішкі тіршілік күштерін оятуға ықпал етеді, әлеуметтік машықтануды жеңілдетеді, адамдармен еркін қатынасуға көмектеседі. Өнер адамдардың жоғалтқан мүмкіндіктерінің орнын толтырады, өмір сүру құлшыныстарын оятады, ішкі үйлесімге келуге, өз өзімен болуға жәрдем береді және жеке өмірін қалпына келтіруге ықпал етеді.

Театр терапиясы да ширақ, жедел психотерапиялық тәсіл болып табылады. Театр терапиясы – өнер мен терапияның қиялдағы шекарасында тұрған пән. Оның нақты мақсаттары: сөз, жазу және одан тыс қатынастарды дамыту; әлеуметтік қорқыныштарды бәсеңдету; әлеуметтік оқшаулықты төмендету; өзіндік сезінуді жақсарту; ішкі тәртіп пен жауапкершілік сезімін дамыту; тартымдылық қасиеттерін дамыту; өзіне сенімділікті көтеру; өз көңіл-күйіне ие болу және басқада қабілеттерді игеру.

Театр терапиясы құрылымының үрдісінде түрлі жобалық үлгілер кездеседі. Әр жоба бірнеше кезеңге бөлінеді: театрлық пьесаны таңдау және көркемдеу; пьесаның мәтінін талдау және зерделеу; пьесаны ойнауға болатындай етіп ықшамдау. Театр терапиясының екі түрін етек жайған: Жасанды. Тәрбиелік драма – әуесқойлармен жұмыс істеудің театрлық тәсілдері. Мұнда театрлық терапевт науқастардың актерлік шеберліктерін орынды әдіспен дамыта білуі керек. 2. Терапевтік. Мұнда педагогикалық тәрбие негіздерін беру шарт.

Өнер адамды рухани дамытады, шығармашылық қабілеттерін ашады және жеке басының қасиеттерін көрсетудің жолы болып табылады. Өнер арқылы мәдениеттің рухани құндылықтарына қол жеткізген мүгедек қоғамдық өмірге араласады, демек, әлеуметтік

тұрғыдан қалыпқа келеді. Өнер түрінің әрқилылығы адамнан жан-жақтылықты, ұдайы өсуді, дамуды талап етеді. Театр өнері бұд жағынан өте бай: мұнда рухани, дене мүмкіндіктерін, сұлулықты сезінуді жетілдіруге болады. Шығармашылық үрдіс тоқтауды, біреуге күніңді салуды және тоқырауды қаламайды, сондықтан да шығармашылық қызметті ұдайы қамшылап отыру жеке тұлғаның дамуының кепілі болып табылады. Бұдан тыс, өнердің көңіл-күй, сезімге әсер ету, эстетикалық-мәдени тағылым беру арқылы әлеуметтік дерттердің алдын алуға, аздыратын бағыттарға тосқауыл қоюға мүмкіндігі зор. Сондықтан да өнер арқылы әлеуметтік қалпына келтіру мүгедектерді қоғамға қосудың, олардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шешудің ең өтімді жолы болып табылады.

Театр өнерінің адамға әртүрлі аспектіде, атап айтқанда: тән, көңіл-күй, психологиялық терапиялық, әлеуметтік жағынан әсер етуде зор мүмкіндіктері бар. Философиялық түсінік бойынша, өнер терапиясы өмірдің мәнін түсіну, адамдар арасындағы, табиғаттағы орнынды іздеумен ұштасатын шығармашылық іс-әрекеттермен емдеу. Арт-терапия – кезкелген мәселені оңтайлы шешуге көмектесетін жеке бастың тартымдылығын, жағымды қасиеттерін дамыту. Көркем өнер арқылы жанды сауықтыру мен жаңартудың табиғи және мейірбан тәсілі. Арт-терапия бағыты барлық өнер түрлерімен сәйкес келеді, ал бүгінгі таңдағы техникалық әртүрлілігі шексіз. Өнермен емдеу, сауықтыруда шектету мен қарсы көрсеткіштер жоқ, ол қашанда жан-жақты, бай және психотерапия, педагогиканың барлық бағыттарында, әлеуметтік жұмыс пен бизнесте кеңінен қолданылады. Ал соның ішіндегі театр терапиясының мүмкіндігі өте қуатты, себебі, ол: қимыл-қозғалыс, музыка, көркем өнер, әдебиет, сондай-ақ айрықша бейнелік роль ойынын қамтитын құрама тәсіл. Театр ойыны қажетті қимылдарды үйрету, қабілеттер мен қарымдарды қалыптастыру арқылы тән мен жанды жеңілдетуге көмектеседі.

Эриксонның анықтамасы бойынша, ойын «өзімшілдік функциясы, түйсіктік және әлеуметтік үрдістерді өзіндікпен үйлестіруге әрекеттену» [2, 94]. Яғни, ойын шынайы өмір мен жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін байқаусыз біріктіреді, қарым-қатынас және мінез-құлық түрлерін қабылдауға, әлеуметтік рольдерді сомдауға, оларды қателік жіберуден қорықпауға болатын арнайы жасалған жағдайларда «сипаттап көруге» мүмкіндік береді.

Сондықтан, бүгінгі таңда инклюзивті білім дәстүрлі және арнайы білім беру жүйелері негізінде дамып, оларды мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктері үшін біріктіреді. Қазір елімізде психофизикалық ауытқуы бар жастардың көпшілігі жоғары білімге ие емес, сондықтан оларды тарту үшін арнайы жағдайлар жасалуы керек екендігін баса айтқымыз келеді.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Психотерапевтическая энциклопедия / под ред. Карвасарского Б. Д. – 2-е изд.– СПб.: Питер, 2002.
2. Эриксон Э. Х. Детство и общество. – СПб: Ленато, АСТ, Фонд «Университетская книга», 1996.– 592 с.



# ВНЕДРЕНИЕ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ В НЕПРЕРЫВНОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ (ОПЫТ КАЗАХСКО-АМЕРИКАНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА, ЗАДАЧИ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ КОНСЕРВАТОРИИ ИМЕНИ КУРМАНГАЗЫ)

Сарымсакова А. С.

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы

Алматы, Казахстан

[Salmagul.6969@mail.ru](mailto:Salmagul.6969@mail.ru)

**Түйін сөз:** Мақалада Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өнер жоғары оқу орындарында үштілділікті енгізуге байланысты туындаған мәселелер қозғалады. Ағылшын тілінде пәндерді оқытуда қойылған міндеттерді шешуге байланысты мысал ретінде автор Қазақ-Американдық университетінде 19 жыл, оның ішінде 16 жыл бойы академиялық мәселелер жөніндегі проректор ретінде жұмыс істеген кезде қойылған мәселелерді алға тартады. Мектеп, колледж және жоғары оқу орны аясында үздіксіз білім берудің бірыңғай тілдік тұжырымдамасы Қазақ-Америка университетіне халықаралық кеңістікке интеграциялау арқылы өз түлектері үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге мүмкіндік берді.

**Аннотация:** В статье обозначены основные проблемы, возникающие при внедрении трехязычия в вузах искусства и непосредственно в Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. В качестве примера по решению поставленных задач в преподавании дисциплин на английском языке дан опыт Казахско-Американского университета, в котором автор проработала 19 лет и почти 16 лет из них на позиции проректора по академическим вопросам. Единая языковая концепция непрерывного обучения в рамках школы, колледжа и вуза позволила Казахско-Американскому университету расширить возможности для своих выпускников через интеграцию в международное пространство.

**Abstract:** The article considers the main problems arising from the introduction of trilingual policy in the art universities and directly at the Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy. As an example, to solve the tasks in teaching disciplines in English, the experience of the Kazakh-American University, in which the author worked for 19 years and almost 16 years of them as the Vice-rector for Academic Affairs, is given. The unified language concept of lifelong learning within the school, College and University allowed the Kazakh-American University to expand opportunities for its graduates through integration into the international space.

В рамках реализации Плана Нации – «100 конкретных шагов», инициированного Первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым, запланированы 5 шагов в сфере образования, направленных на повышение качества человеческого капитала на основе стандартов стран ОЭСР. В том числе «поэтапный переход на английский язык обучения в системе образования – в старшей школе и вузах».

31 января 2017 г. в Послании народу Казахстана: «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Первый Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев сделал очередной раз акцент на вопрос поэтапного перехода на трехязычное образование.

Глава РК отметил, что «казахский язык сохранит свою доминирующую позицию. Большое внимание будет уделяться его дальнейшему развитию. Вместе с тем, сегодня английский язык является языком новых технологий, новых производств, новой экономики. В настоящее время 90% информации создается в мире на английском языке. Каждые два года ее объем увеличивается в два раза. Без овладения английским языком, Казахстан не достигнет общенационального прогресса».

В Казахской национальной консерватории имени Курмангазы трехязычие только начинает развиваться. Большая часть обучающихся, а это более 80%, учатся на казахском языке. На английском языке, помимо самого языка преподаются дисциплины: Информационно-коммуникационные технологий, Организационное поведение, Музыкальная терминология английского языка, Зарубежная музыка XX века, Академическое письмо, Категория звука в инструментальной музыке тюркских народов Центральной Азии.

Английский языком в магистратуре в 2019-2020 году свободно владели 10% от общего количества ППС.

Мне хочется поделиться опытом внедрения трехязычия на трех уровнях обучения Казахско-Американского университета (КАУ), в котором я проработала более 19 лет. В КАУ ведется планомерная работа по реализации задач государства по полиязычию, направленная на повышение качества языковой подготовки специалистов с высшим и послевузовским образованием, а также расширения внешней академической мобильности. Уже 21 год в КАУ дисциплины по всем образовательным программам преподаются на казахском, русском и английском языках в равной степени. Одними из первых шагов во внедрении трехязычия стали выработанные требования по оформлению Hand-outs (активный раздаточный материал); концепция трёхязычия в обучении; универсальные критерии комплексной оценки знания языков; трёхязычный глоссарий; защита дипломных проектов (работ) на английском языке.

Преподавателями языковых дисциплин КАУ и КазГАСА под руководством академика А.А. Кусаинова был разработан и 7 апреля 2016 года презентован Лингвокомплекс по языкам (казахский, русский, английский). Уникальность данного пособия определяется функционально-прагматической направленностью и коммуникативной востребованностью. Разработанное учебное издание является одним из вкладов в продвижении трехязычия в РК. В данном труде отражена современная международная и казахстанская концепция языкового образования, создана собственная оригинальная технология уровневого обучения языкам в неязыковом вузе, предлагается методика определения уровня владения языками (универсальные критерии оценки знания языков по 5-ти уровням).

Нурсултан Абишевич отметил в своем обращении к народу, что планирует, начиная с 2019 года, обучение по некоторым предметам в 10–11-х классах на английском языке.

«Я абсолютно убежден, детей надо учить тогда, когда они дети. Трёхязычие - просто необходимость для наших детей. Они - дети всей планеты: государственный язык должны знать, русский язык - наш язык общения, английский язык - язык мировой науки, инноваций, Интернета», - поделился Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в ходе XXIV сессии АНК «Независимость. Согласие. Нация единого будущего». Готовы ли средние школы Казахстана к переходу преподавания четырех предметов школьной программы на английском языке? Предполагается, что это будут информатика, биология, физика и химия. Поделюсь опытом Казахско-Американского университета.

В составе университета с 1998 года открыта Школа, которая в феврале 2003 года была ассоциирована ЮНЕСКО. Первоначально, обучение в школе при КАУ с «0»-го по 6-й класс было на казахском и русском языках с увеличением % преподавания дисциплин на английском языке, начиная с 5 класса. В начальной школе с 0 класса часы английского языка были включены в вариативную часть и преподавались как обязательные несмотря на то, что в государственных школах к включению английского языка в программу начальных классов (конкретно в первом классе) пришли лишь в 2013-2014 годах. С 7-го по 11-й класс в Школе при КАУ обучение велось полностью по всем дисциплинам (кроме языков и русской, казахской литературы) на английском языке. Вот уже пять лет, как Школа при КАУ отказалась от обучения полностью на английском языке, введя категории для обучающихся, которые различаются количеством дисциплин, преподаваемых на

английском языке и трем направлениям с седьмого класса: естественно-техническому, экономическому и гуманитарному. Такое решение было принято по нескольким причинам. Одна из них – отсутствие в достаточном количестве квалифицированных преподавателей, знающих русский, казахский и английский язык в равной мере. Проблемы в разной степени касались преподавателей биологии, химии, физики, информатики. Второй причиной стали проблемы со сдачей тестов ЕНТ на русском языке. Школьники очень неплохо знали английский язык, но не могли быстро ориентироваться в терминологии на русском языке, т.к. обучались полностью на английском. Третья причина – разница в знаниях английского языка обучающихся в рамках одного класса, связанная с переводом детей из других школ.

В результате сегодня обучение в школе при КАУ ведется по четырем категориям. Обучение по категории «А» – для студентов, желающих продолжить образование в высшем учебном заведении за рубежом.

Особенности обучения:

1. Преподавание до 7 предметов от общего количества дисциплин на английском языке в форме консультационных занятий;
2. Сертификат международного образца, в котором указывается перечень специальных дисциплин, пройденных на английском языке.
3. Подготовка к тестированию TOEFL или IELTS (обучение ведется, согласно вариативной части учебного плана школы).

Обучение по категории «В» – по тем же условиям, но до 5 предметов от общего количества дисциплин на английском языке в форме консультационных занятий.

Студенты категории «С\*» учатся на смешанном языке обучения (казахский и английский / русский и английский). Обучение на категории С\* дает возможность студенту усовершенствовать свои знания английского языка по конкретным дисциплинам. На английском языке в форме консультационных занятий преподается до 3 предметов от общего количества дисциплин.

Ну и обучение по категории «С» ведется только на казахском или русском языках. Фраза «в форме консультационных занятий» означает, что основной урок проходит на русском языке, но отдельно по нему дается консультация в виде отработки терминологии на английском языке. Соотношение консультации к основному уроку 1/3. Это решение было принято из-за выводов по полученному опыту – ребенку нужно понимание предмета на родном (русском, казахском языке), особенно сейчас, когда так много несовершенства и разночтений в переводе специальных слов, терминов.

Не обошли реформы и Алматинский колледж связи при КАУ, который за 88 лет воспитал свыше 30-ти тысяч специалистов и зарекомендовал себя как учебное заведение, из стен которого выходят связисты высокой квалификации. С весеннего семестра 2016 г. по настоящее время по трем дисциплинам колледжа: математика, информатика и цифровые устройства, и МПС преподавание ведется на английском языке.

Существуют ли проблемы при обучении студентов бакалавриата, магистратуры, колледжа на английском языке по профилирующим дисциплинам? Конечно, да! И не мало. Это и проблема с разным уровнем знания английского языка в одной группе. Недостаточностью студентов, одинаково владеющих английским языком для создания полнокомплектных групп. Нежелание или страх студентов, владеющих языком поступать на категории «В» и «А» (низкая самооценка, страх защищать дипломную работу (проект) на английском языке). Немаловажно отметить, что уровень знания английского языка абитуриентов в целом очень слабый. Ну и один из самых важных вопросов – это, как мы отмечали ранее, дефицит квалифицированных преподавателей, свободно владеющих языком.

В КАУ разработана система оценки ежемесячного применения английского языка преподавателями, которая используется в формуле доплаты к окладу. Так, прежде всего определялся процент планового уровня доплаты каждому преподавателю, дающему

знания на андийском языке (ПУД). Для этого претендент сдает экзамены языковой комиссии по четырем видам речевой деятельности, которые разработаны в самом университете и вошли в, указанный выше, Лингвокомплекс. Кроме того, каждый педагог должен представить результаты TOEFL. Из этих двух оценок и высчитывается ПУД. Для отчетности о преподавании на английском языке разработан специальный бланк, в котором педагог расписывает часы, указывая категории группы и язык преподавания, например: английский или англо-русский и среднее количество минут в часе, которые даются чисто на английском языке. Для определения фактического уровня доплаты по формуле учитывается мнение студентов (feed-back), полученное в результате социологического опроса Лабораторией эдукологии (делается два раза в год); мнение декана, проректора по АВ, Регистратора, Ректора. Такая формула предусматривает контроль за преподаванием на английском языке со стороны всех ее участников через опрос, посещение занятий. Сложная ли данная система? Возможно, да, но она заставляет преподавателя более ответственно относиться к обязанностям вести лекцию на английском языке в полной мере. Если в первые годы становления университета были сложности, связанные с наличием педагогов, владеющих английским языком, то последние годы я отмечала тенденцию недостаточного знания языка со стороны студента в то время, как педагог готов и желает дать урок только на английском языке.

С результатами преподавательской деятельности на английском языке университет всегда с большой радостью делится на специальных мероприятиях: Республиканская научно-практическая конференции молодых ученых, магистрантов и студентов на тему: «Студент и ЕХРО-2017», 9 апреля 2015 года; секция 4: «Целостность культуры языка и нации».

✓ Межвузовская научно-практическая конференция молодых ученых, магистрантов и студентов на тему: «ЕХРО-2017» потенциал и задачи Казахстана», 27 октября 2015 года; секция 4: «Межкультурные аспекты лингвистики в рамках проведения «ЕХРО-2017»;

✓ Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых, магистрантов и студентов: «Мир в эпоху социально-экономического транзита», 17.03.2016 года; секция 3: «Лингвистический корпус в методике обучения иностранным языкам»;

✓ Республиканская научно-методологическая конференция: «Авторизованное обучение: состояние, перспективы и развитие в Республике Казахстан», 25 февраля 2016 года; секция 3: «Полиязычие, как неотъемлемая черта современного образования»;

✓ Межвузовская научно-практическая конференция молодых ученых, магистрантов и студентов на тему: «ЕХРО-2017» потенциал и задачи Казахстана, 27 октября 2016 года; секция 4: «Межкультурные аспекты лингвистики в рамках проведения «ЕХРО-2017».

В КАУ функционировал Клуб «American Club», который являлся добровольным объединением студентов.

Целью клуба «American Club» является повышение у студентов уровня английского языка, знакомство с культурой и традициями англоязычных стран. Также клуб будет служить платформой для построения и организации социальных отношений между студентами КАУ в повседневной жизни.

Не остался в стороне и казахский язык. В АКС при КАУ преподавание ведется полностью на казахском языке по всем специальностям.

Ежегодно на базе КАУ проводилась городская межвузовская интеллектуальная олимпиада по казахскому языку «Лидер XXI века» посвященная Дню языков народов Казахстана. Организатором данного мероприятия является преподаватель казахского языка, к.п.н. Икапова Дана Саркытовна. В олимпиаде принимали участие студенты из университетов г.Алматы.

Результатом представленных нововведений, связанных с внедрением трёхязычия, стали поступления 90% от всех выпускников Школы при КАУ и самого университета в

зарубежные вузы или в вузы РК с преподаванием на английском языке для дальнейшего обучения, а также трудоустройство 50% выпускников КАУ в международных компаниях.

В данный момент Казахская национальная консерватория имени Курмангазы на пути создания собственной концепции трехязычия. Совместно с преподавателем, магистром искусствоведения Меруерт Илес [10, с 30-34] мы провели статистический анализ контингента обучающихся специальности «Дирижирование» Казахской национальной консерватории имени Курмангазы и в частности специализации «Хоровое дирижирование» 2018-2019 учебного года на предмет численности и базового уровня знаний на всех курсах.

Представленная статистика позволяет нам следующие выводы:

1. Контингент обучающихся по специальности «Хоровое дирижирование» представляет практически все области Казахстана. Основные города – поставщики: Алматы, Актюбинск, Талды-Курган, Караганда, Усть-Каменогорск, Шымкент, Тараз, Кызыл-Орда, Уральск, Аральск, Атырау, Павлодар, Дзезказган, Кокшетау, Кустанай, Семипалатинск. Такой широкий охват по огромной территории Казахстана, занимающего 9 место в мире по размерам) позволяет воспитывать в музыкантах хора толерантность друг к другу, ощущение единства.

2. Контингент обучающихся на казахском языке на первом курсе в 5 раз, на втором курсе в 8 раз, на третьем курсе в 4 раза больше, чем в русских группах. Тенденция по увеличению числа абитуриентов, которые заканчивают школы на государственном языке и планируют получать высшее образование на казахском отделении уже давно отмечается преподавателями и руководством Консерватории. Это порождает проблему в отсутствии учебно-методической литературы и, конечно педагогов, свободно владеющих казахским языком. Но эта проблема и помогает нам в воспитании полиязычного музыканта, свободно владеющего несколькими языками (как минимум казахским и русским языком).

3. Имея прекрасные возможности, студенты не используют их в целях собственного профессионального роста. В этом видятся большие перспективы для музыкантов специальности «Дирижирование». Как известно, большинство зарубежных вузов ставят условием для обучения по академической мобильности знание языка на уровне B1 — «третий уровень знания языка в Общеввропейской системе CEFR, системе определения различных языковых уровней, составленной Советом Европы. В повседневной речи этот уровень можно назвать средним. Этот термин является официальным описанием уровня в CEFR. На этом уровне учащиеся выходят за рамки базового английского, но пока не готовы общаться по работе или учёбе исключительно на английском языке» [12]. Анализ уровня владения английским языком обучающихся данной специальности, который проделали преподаватели секции языков КНК имени Курмангазы показал, что выше уровня A1 владеют только единицы из обучающихся. Консерватория за 1-2 года не сможет дать уровень знаний B1 по английскому языку, если обучающиеся пришли из колледжей или специализированной музыкальной школы без какой-либо базы для этого.

Для современного музыканта вопрос коммуникации стоит на первом месте. Он часто гастролирует, он должен обмениваться опытом, знаниями и знание языков для него – важное условие профессионального роста. Воспользовавшись возможностью, представленной сегодня Консерваторией в виде договоров с вузами-партнерами об обмене студентами, дирижеры-хоровики на практике могут продемонстрировать интеграцию в мировое сообщество.

**Выводы.** Сегодня перед руководством и преподавательским коллективом всех участников непрерывного обучения в сфере искусства встал вопрос о единой политике внедрения трехязычия. Невозможно достичь успехов в этой области только на одном уровне обучения. Обучающиеся творческих учебных заведений в последние годы востребованы зарубежными вузами в международных проектах, по академической мобильности. Однако уровень знания студентами зарубежных и, в частности, английского

языка не позволяет им воспользоваться всеми представленными возможностями. Эта проблема сформировалась еще в школе и сейчас дает удручающие плоды в высших учебных заведениях.

### Список литературы:

1. Плана Нации – «100 конкретных шагов», Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, 2016 год;
2. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» - Послание народу РК, Н. Назарбаева, 31 января 2017 года;
3. Материалы по участию Президента РК в XXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана, г. Астана, 26 апреля 2016 года, <http://www.zakon.kz/>
4. Кусаинов А.А., Омирбаев С.М., Карпыков С.С.//Кредитная система обучения в Казахстане (теория, методология, практика и обобщение опыта), Алматы, 2010г.;
5. Правила кредитной системы обучения (приказ Министерства образования и наук РК №753 от 9 декабря 2005 года).
6. Об утверждении Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы (Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118).
7. О Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы (Указ Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 110)
8. Русский язык. Лингвокомплекс в 5 томах; English. Linguistic complex in 5 volumes; Қазақтілі. 5 томдық лингвокомплекс, главный редактор Кусаинов А.А., Алматы, КазГАСА, 2016г.
9. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года.
10. Положение Школы при КАУ, Алматы 2016 год;
11. Ілес М. «Творческий процесс в работе с хоровыми коллективами, как фактор формирования личности обучающегося» диссертация на соискание академической степени магистра искусствоведческих наук, КНК имени Курмангазы, А., 2019. – 143 с.
12. EfSet Standart English Test, [ВИнтернете], [Цитировано: 27.02.2019], <https://www.efset.org/ru/>

Формат  
Бумага  
Печать цифровая  
Подписано в печать 20.01.2020 г.  
Тираж 300 экз.